БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 224 (9542) | 1954 жылғы 12 ноябрь Жұма | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тиын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).
СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ССРО МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ ХАБАРЫ (1-бет).
БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУ ЖОЛЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСТЫ КЕҢІНЕН ӨРІСТЕТЕЙІК: Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының патриоттық бастамасы (2-бет).
Атом, су тегі қаруын өндіруге және қолдануға тыйым салынсын, бұл қару мемлекеттердің қару- жарағынан толық алынып тасталсын (Сталинградтың (ССРО) және Ковентридің (Англия) Біріккен Ұлттар Ұйымына бірлесіп жолдаған үндеуі (2-бет).
**И. Липин.** — Халық соттарының сайлауы—аса маңызды саяси науқан (2-бет).
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша халық соттарының (халық судьяларын және халық заседательдерін) сайлауын өткізетін сайлау округтерін құру туралы (3-бет).
МАЛ ҚЫСТАТУДЫ ЗОР ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН БАСТАЙЫҚ: **В. Куц.**—Жемшөп те, қора да жеткіліксіз. **С. Қанафин.** — Преснов ауданы мал қыстатуды елеулі кемшіліктермен бастады. (3-бет).
**А. Мануйлов.** Қарт колхозшы (3-бет).
**Ғ. Малдыбаев.** —Олақ бригадир (4-бет).
**Ә. Сүлейменов.** —Тарихи ескерткіштер толық сақталсын (4-бет).
**Ж. Мұқанов.** —Жаңа магазинде (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

## Халық соттарының сайлауы

1954 жылғы 12 декабрьде, жексенбі күні Қазақ ССР халық соттарының сайлауы өткізіледі. Бұл күні бүкіл республикамыздың еңбекшілері барлық халық судьялары мен халық заседательдерін сайлайды.

Халық соттарының сайлауы —зор саяси науқан. Бүкілхалықтық мереке—халық соттарының сайлауы советтік демократизм негізінде өтіп, сайлау күні республикамыздың азаматтары коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттарға бірауыздан дауыс береді.

Кәзір бүкіл республикамызда халық соттарының сайлауына әзірлік барған сайын кеңінен өрістей түсуде. Республикамызда халық соттарының сайлауына әзірлік зор саяси өрлеу жағдайында, бүкіл совет халкы социалистік ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендетіп, астық өндірісін мейлінше арттыру, халық тұтынатын товарлар өндірісін молайту, сөйтіп совет адамдарының ал-ауқат және мәдени дәрежесін барған сайын жақсарта беру жөнінде туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі алға қойған ұлы міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру жолында қажырлылықпен күрес жүргізіп жатқан кезде өткізілуде.

Бүкіл совет халқы Совет Одағы колхоздары мен совхоздарының 1954 жылғы егін өнімінен астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындағандығы туралы СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің хабарын асқан қуанышпен, зор мақтанышпен қарсы алды. Бұл—шын мәніндегі ұлы табыс. Еліміз қол жеткен бұл табыста біздің Советтік Қазақстан еңбекшілерінің де келелі үлесі бар. Быйыл республикамыз тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндіруді едәуір арттырды. Демек республикамыздың колхоздары мен совхоздары партия мен үкметтің жауынгерлік тапсырмасын орындай отырып, 8 миллион гектардан аса құнарлы тың және тыңайған жерлерді игерді, елімізге 231 миллион пұт астық берді.

Қол жеткенмен тынбай, табысқа табыс ұластыра беру— совет адамдарының игі дәстүрі. Бұл күндері еліміздің еңбекшілері Москваның алдыңғы қатарлы кәсіпорындары коллективтерінің патриоттық бастамасы бойынша бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстауда.

Советтік социалистік мемлекетіміз елі-

Бұл күндері бүкіл республикамызда халық соттарының сайлауына әзірлік жұмыстары кеңінен өрістеуде дедік. Газетіміздің бүгінгі номерінде еңбекшілер депутаттары облыстық Совет атқару комитетінің «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша халық соттарының (халық судьяларын және халық заседательдерін) өткізетін сайлау округтерін құру туралы» қарары жарияланып отыр. Бұл қарар бойынша облысымызда халық соттарын (халық судьялары мен халық заседательдерін) сайлау жөнінде 20 сайлау округі құрылды.

Республикамызда, оның ішінде біздің облысымызда халық соттарының сайлауына әзірліктің ең қызу және жауапты кезеңі басталды. Бұрынғы үгіт пункттері, халық соттарының сайлауын өткізетін сайлау округтерінің орталықтары сайлау қарсаңындағы жүргізілетін ұйымдастыру және бұқаралық жұмыстың шын мәніндегі орталығына айналуға тиіс. Ең алдымен барлық сайлаушылардың тізімін алып, ол тізімдердің дұрыс жасалуын қамтамасыз ету керек.

Облысымызда, әсресе темір жол торабында, ет-консерві комбинатында сайлаушылар арасындағы үгіт_ бұқаралық жұмыс, «Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ережені» түсіндіру кеңінен өріс алды. Алайда, сайлау қарсаңындағы үгіт-бұқаралық жұмыс облысымыздың барлық жерінде бірдей тыңғылықты ұйымдастырылуда деп айта алмаймыз. Бұл жұмыс, әсресе көптеген селолық аудандарда әлі күнге дейін шын мәнінде ұйымдастырылған да жоқ.

Партия ұйымдары үгітшілердің дереу іске кірісіп, сайлаушыларға советтік сайлау системасының дүние жүзіндегі ең демократияшыл сайлау системасы екендігін, совет сотының дүние жүзіндегі ең демократияшыл, ең әділ сот екендігін, ол совет адамдарының мүддесін қорғайтындығын және сот сайлауының ережесін жан-жақты терең түсіндіруін қамтамасыз етуге міндетті. Сол сияқты, партия ұйымдары, үгітшілер сайлаушылар арасында сайлау алдындағы үгіт-бұқаралық жұмысты жүргізгенде оны алда тұрған шаруашылық міндеттермен тығыз байланыстыра білулері керек.

Облыс еңбекшілерінің қол жеткен табыстары орасан зор. Алайда, тың және тыңайған жерлерді одан әрі көп игеріп, астық өндірісін арттыруда, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімді-

## Совет Одағының колхоздары мен совхоздарының 1954 жылғы егін өнімінен астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындауы туралы

### СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің ХАБАРЫ

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету туралы қаралдарын жүзеге асыра отырып, еліміздің колхоздары мен совхоздары үстіміздегі жылы астық және басқа ауылшаруашылық азық-түліктерін өндіруді арттыру жөнінде едәуір табыстарға жетті.

1954 жылдың 5 ноябріне колхоздар мен совхоздар астық дайындаудың және сатудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын 100,1 процент орындады. Астықты дайындау және сату әлі де жүргізілуде. 1953 жылғы осы мерзіммен салыстырғанда астық мемлекетке 289 миллион пұт артық тапсырылды және сатылды. Оның ішінде: бидай 91 миллион пұт, қара бидай 65 миллион пұт, жармалық дақылдар 37 миллион пұт, жемдік дақылдар 89 миллион пұт және жүгері 8 миллион пұт өткен жылғыдан артық дайындалды.

Украинаның оңтүстігі мен Поволжье аудандарында астықтың және басқа ауылшаруашылық дақылдарының өніміне ауарайының жағдайы қолайсыз болуына қарамастан, үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығының еңбекшілері астық өндіруді және дайындауды арттырды. Қуаңшылыққа байланысты Үкмет Украина ССР-і бойынша астық дайындау жоспарын 224,6 миллион пұт кемітуді және Поволжье аудандары бойынша дайындаудың кемітілген жоспарын белгілеуді қажет деп тапты.

Елімізде астық өндіруді және дайындауды едәуір арттыруға тың және тыңайған жерлерді ойдағыдай игерудің, Сибирь, Қазақстан және Урал аудандарында егіннің шығымдылығын едәуір арттырудың нәтижесінде қол жетті. Сибирь аудандарында астық өткен жылғыдан екі есе артық, Қазақ ССР-інде астық 1953 жылғымен салыстырғанда 35 процент артық жыйналды. Алтай өлкесі үстіміздегі жылы астық өндіруді 4 есе дерлік арттырды. Сибирьдің, Қазақстанның және Уралдың колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың және сатудың мемлекеттік жоспарын және өздерінің социалистік міндеттемелерін едәуір асыра орындады. Үстіміздегі жылы Алтай өлкесінің колхоздары мен совхоздары мемлекетке 222 миллион пұт астық тапсырды және сатты, бұл 1953 жылғыдан 195 миллион пұт артық; Новосибирь облысы 74,1 миллион пұт, өткен жылғыдан 52 миллион пұт артық; Омск облысы—63 миллион пұт, өткен жылғыдан 30 миллион пұт артық; Краснояр өлкесі —56,3 миллион пұт, өткен жылғыдан 22 миллион пұт артық; Курган облысы—50,9 миллион пұт тапсырды және сатты; өткен жылғыдан 14 миллион пұт артық; Башқұрт АССР—мемлекетке өткен жылғыдан 8 миллион пұт астықты артық тапсырды.

Қазақ ССР-нің колхоздары мен совхоздары мемлекетке 232,1 миллион пұт астық тапсырды және сатты, бұл өткен жылғыдан 109 миллион пұт артық, мұның ішінде Павлодар облысының колхоздары мен совхоздары 42 миллион пұт астық тапсырды және сатты, бұл өткен жылғыдан 34 миллион пұт артық; Ақмола облысы—40 миллион пұт, өткен жылғыдан 23 миллион пұт артық; Семей облысы—16,6 миллион пұт, өткен жылғыдан 12 миллион пұт артық.

тық міндетті орындау жолында көп мыңдаған механизаторлар, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшылары мен мамандары еңбекте даңқты ерлік істеп, ойдағыдай еңбек етуде.

5 ноябрьдегі мәлімет бойынша ССРО-ның колхоздары мен совхоздарында жоспарланған тапсырмадағы 13 миллион гектардың орнына 17 миллион 430 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды. РСФСР облыстарының, өлкелері мен автономиялық республикаларының және Қазақ ССР облыстарының басым көпшілігі тың және тыңайған жерлерді жыртудың өздері үшін белгіленген жоспарларын едәуір асыра орындады. Бұл мына мәліметтерден көрініп отыр:

| | Колхоздарда | | Совхоздарда | |
|---|---|---|---|---|
| | мың га есебімен | жоспардың орындалу проценті | мың га есебімен | жоспардың орындалу проценті |
| **РСФСР бойынша** | | | | |
| Оның ішінде: | 6162 | 131 | 2571,2 | 125 |
| Алтай өлкесі | 2055 | 103 | 264,4 | 86 |
| Омск облысы | 866 | 144 | 151,0 | 111 |
| Чкалов облысы | 559 | 224 | 522,5 | 116 |
| Новосибирь облысы | 557 | 143 | 108,7 | 109 |
| Краснояр өлкесі | 450 | 113 | 163,9 | 205 |
| Челябинск облысы | 301 | 125 | 202,7 | 124 |
| Башқұрт АССР | 282 | 282 | 118,6 | 115 |
| Курган облысы | 226 | 113 | 60,7 | 121 |
| Тюмень облысы | 212 | 151 | 0,5 | — |
| Саратов облысы | 167 | 209 | 320,5 | 128 |
| Чита облысы | 159 | 398 | 18,0 | 360 |
| Иркутск облысы | 151 | 151 | 9,2 | — |
| Кемерово облысы | 145 | 104 | 14,5 | 132 |
| Сталинград облысы | — | — | 193,8 | 141 |
| **ҚАЗАҚ ССР-і бойынша** | 5007 | 125,2 | 2737,1 | 122 |
| Оның ішінде облыстар бойынша: | 1169 | 117 | 537,1 | 120,4 |
| Қостанай | 926 | 128 | 708,4 | 118,0 |
| Ақмола | 824 | 118 | 582,1 | 107,5 |
| Көкшетау | 785 | 121 | 190,4 | 190,0 |
| Павлодар | 429 | 172 | 104,7 | 193,9 |
| Батыс Қазақстан | 394 | 113 | 359,9 | 102,0 |
| Солтүстік Қазақстан | 364 | 146 | 36,9 | 245,8 |
| Ақтөбе | 116 | 155 | 115,3 | 125,3 |
| Қарағанды облысы | | | | |
| Семей облысы | 162 | — | 23,5 | 157,0 |

Партия мен үкмет қойған тың және тыңайған жерлерді игеру міндетін бүкілхалықтық мақұлдаудың сыпаттамасы мынау болып табылады: РСФСР облыстарының, өлкелерінің және республикаларының, Қазақ ССР және Өзбек ССР-нің тың және тыңайған жерлер жырту жөнінде жоспарды тапсырма берілмеген көптеген колхоздары, МТС-тері мен совхоздары 1.049 мың

мізде коммунизм орнатудың негізгі құралы болып табылады. Міне, сондықтан да партиямыз мемлекеттік аппараттың жұмысын жетілдіре беруге, советтік мемлекетті барған сайын нығайта беруге үнемі жете назар аударып отыр.

Совет соты мемлекетіміздің аса маңызды органдарының бірі болып табылады. Оның ең негізгі міндеті — социалистік заңдылықты қорғау және нығайту.

Совет соты—шын мәніндегі халықтық сот. Ол халықтың көкейтесті мүддесін қорғайды, оның барлық жұмысы халық мүддесін, тілегі мен мұқтажын орындауға бағытталған. Совет сотының капиталистік елдер соттарынан өзгешелігі де, артықшылығы да осында. Сол сияқты, совет сотының капиталистік елдер сотынан артықшылығы оның шын мәніндегі демократияшылдығында.

Совет соттарын халықтың өзі сайлап қоюы оның шын мәніндегі демократияшылдығының айқын айғағы. Халық соттарын сайлау жаппай, тікелей және жасырын сайлау жолымен жүргізіледі. Халық судьялары мен халық заседательдігіне Қазақ ССР-нің сайлау правосы бар, сайлау күніне 23 жасқа толған әрбір азаматы сайлана алады. Халық соттарының сайлауына әзірлену және оны өткізу тәртібі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы бекіткен «Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ережеде» толық баяндалған.

...лігін арттыруда, өнеркәсіп, сауда орындарының жұмысын жақсартуда алдымызда шешілмеген әлі де күрделі міндеттер тұр. Сайлау алдында жүргізілетін үгіт-бұқаралық жұмыстың барлық әсері облыс еңбекшілерін осы міндеттерді жүзеге асыру күресіне белсене жұмылдыруға бағытталуға тиіс. Партия ұйымдары еңбекшілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге бағыттай жүргізе білуі керек.

Сайлау қарсаңында өткізілетін сайлаушылардың жиналыстарында сын мен өзара сын кеңінен өрістетіліп, сот және басқа заң орындарының жұмысын жақсартуға бағытталған шаралар белгіленуге тиіс.

Халық соттарының сайлауын табысты өткізу негізінен совет органдарының жұмысты тыңғылықты жүргізуіне байланысты. Өйткені халық соттарының сайлауына әзірлік және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру және техникалық жұмыстар негізінен Совет атқару комитеттеріне жүктеледі.

Халық соттарының сайлауы — бүкілхалықтық мереке. Сайлауға барлық жағынан тыңғылықты әзірленейік, бұл бүкілхалықтық мерекеге лайықты өндірістік тартулармен келейік!

## В. Д. Бонч-Бруевич жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы*

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбектері үшін Владимир Дмитриевич **Бонч- Бруевич** жолдас **Ленин** орденімен наградталсын.

**ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.**
**ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль. 9 ноябрь 1954 жыл.

## РСФСР Халық соттарының сайлауын өткізу туралы

*РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Указы*

Россия Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің Президиумы **қаулы етті:**

РСФСР халық соттарының сайлауы 1954 жылғы 12 декабрьде, жексенбі күні өткізілсін.

**РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ТАРАСОВ.**
**РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары И. ЗИМИН.**

Москва, 9 ноябрь 1954 жыл.

## Москва кәсіпорындарының бастамасы бойынша

ДНЕПРОПЕТРОВСК, 10 ноябрь. (СОТА). Бүгін Днепропетровскінің құрылыс машиналары заводының барлық сменаларында бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысты өрістеткен москвалықтардың патриоттық бастамасы кеңінен талқыланды,

Кәсіпорнының коллективі технологияны жетілдіруде, еліміздің құрылыстары үшін машиналар шығаруды арттыруға жетісуде. Москва кәсіпорындары коллективтерінің шақыруына жауап ретінде машина жасаушылар бесжылдық жоспарды Ұлы Октябрьдің 38 жылдығына аяқтауға және қосымша түрлі маркелі 850 транспортер жасауға міндеттеме қабылдады.

Осы мақсатпен бұйымдардың тағы да үштен бірін штамповкаға көшіру, бөлшектердің жартысын шапшаң әдіспен өңдеу қарастырылды. Бөлшектерді құрастыратын және балқытатын үздіксіз жұмыс істейтін екінші жолды дайындау аяқталып келеді.

Краснодар және Ставрополь өлкелерінің, Ростов, Белгород, Курск, Орел, Липецк, Тамбов, Рязань, Челябинск, Свердлов, Тюмень, Кемерово, Иркутск, Томск және басқа облыстардың колхоздары мен совхоздары мемлекетке көп мөлшерде астық тапсырды және сатты.

Сибирь, Қазақстан, Урал аудандарында және еліміздің бірқатар басқа аудандарында астық өндіруді, дайындауды және сатып алуды едәуір арттыру қуаңшылыққа ұшыраған аудандардағы астықтың кем алынуының орнын артығымен толтыруға мүмкіндік беріп қана қойған жоқ, сонымен бірге елімізді тұтас алғанда өткен жылғыдан астықтың жалпы түсімін артық алуға, астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын асыра орындауға, мемлекетке астықты көп өткізуге мүмкіндік берді.

Колхоздар, МТС-тер және совхоздар үстіміздегі жылы картоп пен овощьтар өндіруді елеулі дәрежеде арттырды.

Осы жылғы 1 ноябрьге дейін мемлекет өткен жылғыдан 1.131 мың тонна картопты, 437 мың тонна овощьтарды артық дайындады және сатып алды.

Мақта егетін негізгі аудандарда мақта егісінің көлемін кеңейтіп, оның шығымдылығын арттырудың нәтижесінде мақта өндіру арттырылды. Қазіргі уақытта шитті мақта жиналуда және дайындалуда. Осы жылдың 5 ноябріне мемлекет өткен жылғы осы уақыттағыдан 228 мың тонна шитті мақтаны артық дайындады. Өткен жылғымен салыстырғанда биыл зығыр талшығы мен зығыр тұқымын өндіру ұлғайтылды.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жөнінде қолданылған шаралардың нәтижесінде елде өнімді малдың барлық түліктерінің саны көбейді.

ССРО Министрлер Советі жанындағы Орталық Статистика Басқармасы өткізген мал санағының мәліметтері бойынша, елдегі малдың саны 1953 жылғы 1 октябрьдегімен салыстырғанда 1954 жылғы 1 октябрьге дейін мынадай мөлшерде көбейді:

| | |
|---|---|
| Сиыр | біржарым миллион бас |
| Барлық сиыр малы | 1,9 миллион бас |
| Шошқа | 3,4 миллион бас |
| Қой | 2,6 миллион бас |

Мал санының көбейтіліп, өнімділігінің арттырылуы нәтижесінде үстіміздегі жылғы 1 ноябрьге дейін өткен жылғы осы уақыттағымен салыстырғанда ет 233 мың тонна және сүт 669 мың тонна артық дайындалды және сатып алынды.

Үстіміздегі жылы колхоздардың табысы артты. Мұның өзі өндірістік, мәдени-тұрмыстық орындар құрылысын едәуір ұлғайтуға, колхозшылардың еңбеккүндеріне ақша және азық- түлік беруді арттыруға мүмкіндік береді.

Елдің колхоздары, МТС-тері мен совхоздары 1955 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарынан жақсы өнім алу үшін жағдай жасау жөнінде едәуір жұмыстар істеуде. Күздік дақылдар егу жоспары асыра орындалды. Колхоздар, МТС-тер және совхоздар 40 миллион гектар күздік дақылдар, оның ішінде 19,7 миллион гектар бидай екті, немесе өткен жылғыдан 1,6 миллион гектар артық. Колхоздар, МТС-тер және совхоздар өткен жылғыдан 9,3 миллион гектар зябьті артық жыртты. Колхоздар мен совхоздар өткен жылғыдан дәнді және бұршақты дақылдар тұқымын 12.163 мың центнер, салалы зығыр тұқымын 127 мың центнер, картоп тұқымын 22.551 мың центнер артық құйды.

Ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізуде машина-трактор станциялары колхоздарға зор көмек көрсетті. МТС-тердің колхоздарда істеген барлық жұмыстарының көлемі жер жыртуға балағанда 1953 жылы істелгеннен 67,4 миллион гектар артық болды және олар барлық дәнді дақылдардың 82 процентін комбайндармен жинады, немесе өткен жылғыдан 7,4 миллион гектар артық. Ауыл шаруашылығына ,әсіресе егін жинауда және астық дайындауда өнеркәсіп орындарының, транспорттың, мекемелер мен ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілері, студенттер мен оқушылар, ал бірқатар аудандарда Совет Армиясының әскери қызметшілері едәуір көмек көрсетті.

Партия мен үкметтің тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде қойған міндетіне колхозшылар, МТС-тер мен совхоздардың қызметкерлері және еліміздің барлық еңбекшілері кеңінен қызу үн қосты. Осы бүкілхалық гектар тың және тыңайған жерлерді жыртты. РСФСР-дың тың жерлер игеру жөнінде жоспарлы тапсырма берілмеген колхоздарында 492 мың гектар, совхоздарында—112,6 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды; мұның ішінде Амур облысында—204 мың гектар, Сталинград облысында—179 мың гектар, Бурят-Монгол ССР-інде—122,6 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды. Қазақ ССР-нің тың және тыңайған жерлерді жырту жөнінде жоспарлы тапсырма берілмеген колхоздарында 440 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды; мұның ішінен Семей облысында—162 мың гектар, Шығыс Қазақстан облысында—83 мың гектар, Жамбыл облысында—72 мың гектар, Алматы облысында —41 мың гектар және Талдықорған облысында—40 мың гектар.

Үстіміздегі жылдың көктемінде тың және тыңайған жерлерге жоспар бойынша, 2,3 миллион гектар орнына 3,6 миллион гектар бидай және тары егілді. Жаңадан игерілген жерлерге дәнді дақылдар егу жоспары колхоздарда 156 процент және совхоздарда—176 процент орындалды.

Осының бәрі партияның Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советіне 1956 жылы жаңадан игерілген тың және тыңайған жерлердегі егіс көлемі 28—30 миллион гектарға дейін ұлғайтылады деп толық сенім білдіруге мүмкіндік береді. Егіс көлемін мұндай ұлғайту астық дайындауды және сатып алуды еліміздің астық өнімдері жөніндегі қажетін толық қанағаттандырып, астықтың мемлекеттік қажетті резерві және өркендеп келе жатқан мал шаруашылығы үшін жеткілікті мөлшерде жем болуын қамтамасыз ететін мөлшерде жүргізуге мүмкіндік туғызады. Шығыс аудандарда егіс көлемін ұлғайту қант пен май тұтынуды едәуір арттыруды, сол сияқты жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін қант қызылшасы, майлы және басқа техникалық дақылдар егісінің көлемін ұлғайтуға жағдай жасайды.

Социалистік ауыл шаруашылығы егіншіліктің социалистік емес формаларының қайсысымен болса да салыстырғанда еліміздің халқының ауылшаруашылық азық-түліктері жөніндегі ұдайы өсіп отырған қажетін қанағаттандыру міндетін қысқа мерзімде шешуге мүмкіндік беретін артықшылықтары бар екенін іс жүзінде дәлелдеді. Көптеген озат колхоздар мен совхоздар қазірдің өзінде әрбір 100 гектар жерден елімізде ауылшаруашылық азық-түліктерінің молшылығын жасау міндетін ойдағыдай жүзеге асыру үшін өнім қанша қажет болса, сонша мөлшерде алып келеді.

СОКП Орталық Комитетінің өткен жылы сентябрьде болған Пленумы қазіргі кезеңдегі ең қажетті және маңызды халықшаруашылықтық міндет ауыр индустрияны бұдан былай да барынша өркендете отырып, ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларының шұғыл өркендетілуіне жету, еліміздің бүкіл халқының азық-түлік товарлармен қамтамасыз етілуін мықтап арттыру, мұнымен бірге колхозшы шаруалардың материалдық әл-ауқатының неғұрлым жоғары дәрежелі болуын қамтамасыз ету, деп атап көрсетті. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март және июнь Пленумдары қарарларын жүзеге асырудың алғашқы қорытындылары қойылған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін біздің елімізде барлық қажетті мүмкіншіліктер бар екенін көрсетіп отыр.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастырудың Коммунистік партия мен Совет Үкметі жасап берген программасын жүзеге асыру жолындағы күресте миллиондаған колхозшылар мен колхозшы әйелдердің, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшылары мен мамандарының еңбектегі ерлігі мен творчестволық инициативасының айқын көрінгенін қанағаттанғандықпен атап көрсетеді. Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуде қол жеткен табыстар социалистік қала тарапынан ауылшаруашылығына орасан зор көмек көрсетілуінің нәтижесінде мүмкін болды. Үстіміздегі жылы біздің индустрия ауылшаруашылық өндірісін бірінші класты техникамен молынан жабдықтады. Мыңдаған кәсіпорындар мен мекемелер тың және тыңайған жерлерді игеруге, МТС-тер мен совхоздарды нығайтуға маман жұмысшылар мен мамандар жіберді. Жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағының ұлы күші , осы істе айқын бейнеленіп отыр.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастырудың бүкілхалықтық міндеті ең қысқа мерзімнің ішінде ойдағыдай орындалады деп сенім білдіреді.

# Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетейік

## Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының патриоттық бастамасы

Москва фабрикалары мен заводтарының коллективтері 1954 жылы өндірістік жоспарларды орындауда жаңа табыстарға жетті. Озат кәсіпорындар, соның ішінде Владимир Ильич атындағы завод, Каганович атындағы 1-ші Мемлекеттік подшипник, Киров атындағы «Динамо», Ефремов атындағы, «Красный пролетарий», «Москабель», «Компрессор», «Каучук», «Манометр», Сталин атындағы автомобиль, «Тизприбор», «Физприбор», заводтары, Щербаков атындағы комбинат және «Красный Октябрь» фабрикасы **3 жыл 9 айдың ішінде бесінші бесжылдық жоспар бойынша министрліктер 1955 жылға белгілеген өнеркәсіп өндірісінің дәрежесіне жетті.**

Еңбек өнімділігін барынша арттыру өндірісті онан әрі өркендетудің және өнім шығаруды арттырудың басты, шешуші шарты болды. Бесінші бесжылдықтың үш жылы және 9 айы ішінде еңбек өнімділігінің артуы: Владимир Ильич атындағы заводта—70,5 процент, 1-ші Мемлекеттік подшипник заводында — 47,8 процент, «Динамо» заводында—59 процент, «Красный пролетарий» заводында—45 процент, «Манометр» заводында — 61 процент, Сталин атындағы автомобиль заводында —30,4 процент, «Компрессор» заводында —73,7 процент, «Физприбор» заводында —65,4 процент, «Тизприбор» заводында —70,9 процент, Щербаков атындағы жібек тоқу комбинатында — 23,7 процент және «Красный Октябрь» кондитер фабрикасында —29 процент.

**Еңбек өнімділігі жөніндегі тапсырмаларды асыра орындау жоғарыда көрсетілген кәсіпорындардың бесінші бесжылдықтың 3 жылы 9 айында, 1,7 миллиард сомға жуық мөлшерде жоспардан тыс өнім шығаруына, соның ішінде көптеген автомобильдер, станоктар, насостар, электрдвигательдерін, әртүрлі приборлар, подшипниктер, электр кабелі мен сымдарын, маталар, кондитер тағамдарын және көпшілік тұтынатын басқа заттар шығаруына мүмкіндік берді.**

СССР-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте Москва қаласының фабрикалары мен заводтарының коллективтерінде еңбекшілердің социалистік жарысы бұрынғыдан да зор көлемде өрістетілді. Жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілердің творчестволық инициативасы өндірісті онан әрі өркендетудің және кәсіпорындар жұмысының сапа көрсеткіштерін жақсартудың қайнар бұлағы болды.

Бесінші бесжылдық тұсында заводтарда өндіріс озаттарының еңбек өнімділігін арттыруға және өнімнің сапасын жақсартуға бағытталған бірсыпыра бағалы бастамалары жарыққа шықты. Бұл бастамалар фабрикалар мен заводтарға кеңінен таралып, жұмыс істеушілер көпшілігінің игілігіне айналды.

Сонымен бірге кәсіпорындардың коллективтері мемлекеттік жоспарларды орындау және асыра орындау жолындағы күрестің әрбір өнеркәсіп қызметкеріне өндірісті өркендетудің негізгі шарты болып табылатын еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға бұрынғыдан да зор қамкорлық жасауды талап ететінін нақты түсінеді.

Жаңа техника мен озат технологияны, өндірісті комплексті механикаландыру, соның ішінде аралық және көмекші процестерді механикаландыру әдісін кажырлылықпен енгізу, өндірісті және жұмысшылардың еңбегін жақсы ұйымдастыру, социалистік жарысты бұрынғыдан да зор көлемде өрістету, жұмыстың озат үлгілеріне теңелу—осының бәрі кәсіпорындардың еңбек өнімділігін едәуір арттыруына, өндіріс алаңдары мен жабдықтарды неғұрлым жақсы пайдалануына, осының негізінде өнім шығаруды арттырып, өнеркәсіп өнімінің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге мүмкіндік береді.

Өндіріс жұмысының біркелкі жүргізілуіне жетудің, өнімді қатаң график бойынша біркелкі шығарып отырудың, өндірісті жоспарлауды, материалдық-техникалық жабдықтауды және жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысын дұрыс ұйымдастырудың өзінде де көптеген резервтер бар.

**Октябрь алдындағы социалистік жарысқа қосыла отырып, Владимир Ильич атындағы заводтың, Сталин атындағы автомобиль, Каганович атындағы бірінші Мемлекеттік подшипник, Киров атындағы «Динамо», «Красный пролетарий», «Москабель», «Компрессор», «Манометр», «Тизприбор», «Каучук», «Физприбор» заводтарының, Щербаков атындағы комбинаттың және «Красный Октябрь» фабрикасының коллективтері өздерінің еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға жетіскен, сөйтіп, осының негізінде жалпы өнімнің көлемі жөнінде бесінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын орындауға, сонымен қатар 1955 жылдың жылдық жоспарын негізгі номенклатура жөнінде орындауға мүмкіндігі бар екенін есептеп шығарды.** Осыған сүйене отырып, заводтардың коллективтері өздеріне мынадай міндеттемелер алды:

### ВЛАДИМИР ИЛЬИЧ АТЫНДАҒЫ ЗАВОД БОЙЫНША

Жалпы өнім шығару жөніндегі тапсырманы бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес 1951—1955 жылдарға белгіленген мөлшерде, —1955 жылғы майда орындаймыз. Электр машиналары мен көпшілік тұтынатын бұйымдар жөніндегі 1955 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын [illegible] 1950 жылмен салыстырғанда 80 процент арттырамыз. Бұл мақсатпен: құю цехының бірқатар участоктерін механикаландыруды, пневматика әдісін, металды шапшаң және қалың жону әдісін және өндірістің бірқатар участоктерінде неғұрлым оралған, эмаль жалатылған сымдар және көпшілік тұтынатын бұйымдар шығару жөніндегі 1955 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындаймыз. 1955 жылы еңбек өнімділігін 1954 жылмен салыстырғанда 6,8 процент арттыруға жетеміз.

Өзіндік құнды кеміту есебінен жоспардан тыс 1954 жылы—750 мың сом және 1955 жылы —1 миллион сом қаржы үнемдеуді қамтамасыз етеміз.

Толық құнды балама материалдарды өндіріске енгізу есебінен 1955 жылы: 8.100 тонна қорғасын, 5.900 тонна мыс және 7,5 тонна жібек затын үнемдейміз.

### «КОМПРЕССОР» ЗАВОДЫ БОЙЫНША

1951—1955 жылдарға белгіленген жалпы өнім шығару жоспарын орындауды —1955 жылғы 1 сентябрьде аяқтап, 1955 жылдың жоспарын аса маңызды бұйымдар жөнінде: компрессорлар, тоңазытқыш жабдықтар және көпшілік тұтынатын заттар жөнінде мерзімінен бұрын орындауды қамтамасыз етеміз. 1955 жылдың аяғына дейін еңбек өнімділігін 1950 жылмен салыстырғанда 90 процент арттырамыз.

Өнімнің өзіндік құнын 1954 жылғы қол жеткен дәрежеден 4 процент кемітеміз.

### «МАНОМЕТР» ЗАВОДЫ БОЙЫНША

1951— 1955 жылдарға белгіленген жалпы өнім шығару жоспарын — 1955 жылғы июньде орындаймыз. 1955 жылдың жоспарын негізгі номенклатура бойынша мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс 3.000 дана манометр, 100 дана ротаметр және 300 дана автоматика приборларын береміз. 1955 жылы еңбек өнімділігін 1950 жылғы дәрежемен салыстырғанда 76 процент арттырамыз. Өнімнің өзіндік құнын 1954 жылғы қол жеткен дәрежеден 1,5 процент кемітеміз.

### «ТИЗПРИБОР» ЗАВОДЫ БОЙЫНША

Бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес 1951—1955 жылдарға белгіленген жалпы өнім шығару жөніндегі тапсырманы— 1955 жылғы 1 июльге орындаймыз. Өзі көрсететін және өзі жазатын манометрлер шығару жөніндегі 1955 жылдың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындаймыз. 1955 жылдың аяғына дейін еңбек өнімділігін 1950 жылмен салыстырғанда 83,4 процент арттырамыз.

Приборлардың негізгі бөлшектерін құюды балқытылатын модельдер бойынша дәл құю әдісіне көшіреміз; приборларға керекті механизмдерді құрастыру ісін тасқынды әдіске көшіріп, осының есебінен негізгі бұйымдарда еңбектің көп жұмсалуын кемітеміз.

### «КАУЧУК» ЗАВОДЫ БОЙЫНША

Бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес белгіленген жалпы өнім шығару жөніндегі тапсырманы —1955 жылғы 15 сентябрьге орындаймыз. 1955 жылдың тапсырмасын номенклатураның негізгі бес тобы жөнінде 15 декабрьде орындаймыз. Бесжылдықтың аяқталатын жылында еңбек өнімділігін 1954 жылы қол жеткен дәрежемен салыстырғанда 8 процент арттырамыз. Өнімнің өзіндік құнын 1954 жылы қол жеткен дәрежеден 4 процент кемітеміз.

Өндіріс процестерін жетілдіру және озат технологияны енгізу есебінен даярлық өндірістерінің қуатын кемінде 20 процент арттырамыз. Даярлық өндірісі мен қолмен істелетін өндірістің еңбек көп жұмсалатын процестерін механикаландырамыз. 1955 жылы брактан болатын ысырапты 1954 жылмен салыстырғанда кемінде 15 процент азайтамыз.

### СТАЛИН АТЫНДАҒЫ АВТОМОБИЛЬ ЗАВОДЫ БОЙЫНША

1951—1955 жылдарға белгіленген жалпы өнім шығару жоспарын — 1955 жылғы июльде орындаймыз. Жүк автомобильдері мен «ЗИС—155» автобустарын шығару жөніндегі жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындаймыз. Завод бойынша тұтас алғанда еңбек өнімділігін 1950 жылмен салыстырғанда 37,7 процент арттырамыз. Өнімнің өзіндік құнын 1954 жылы қол жеткен дәрежеден 2 процент кемітеміз.

### «ФИЗПРИБОР» ЗАВОДЫ БОЙЫНША

1951—1955 жылдарға белгіленген жалпы өнім шығару жоспарын — 1955 жылғы 1 августқа орындаймыз. Негізгі бұйым —автотрансформаторлар шығару жөнінде 1955 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындаймыз. Бесжылдықтың бесінші жылының аяғына дейін еңбек өнімділігін 1950 жылмен салыстырғанда 75 процент арттырамыз.

### ЕФРЕМОВ АТЫНДАҒЫ «КРАСНЫЙ ПРОЛЕТАРИЙ» СТАНОК ЖАСАУ ЗАВОДЫ БОЙЫНША

1951—1955 жылдарға белгіленген жалпы өнім шығару жоспарын — 1955 жылғы октябрьде орындаймыз. Еңбек өнімділігін 1950 жылмен салыстырғанда 55 процент арттырамыз.

Балқытылатын модельдер бойынша құю әдісін өндіріске енгіземіз. Металды ыстық және салқын күйінде қалыптау, шапшаң және қалың жону әдістерін кең көлемде қолданамыз.

# Атом, сутегі қаруын өндіруге және қолдануға тыйым салынсын, бұл қару мемлекеттердің қару-жарағынан толық алынып тасталсын!

## (Сталинградтың (ССРО) және Ковентридің (Англия) Біріккен Ұлттар Ұйымына бірлесіп жолдаған үндеуі)

СТАЛИНГРАД, 9 ноябрь. (СОТА). Бүгін еңбекшілер депутаттарының Сталинград қалалық Советі атқару комитетінің председателі С. И. Шапуровта екі қаланың— Сталинград пен Ковентридің Біріккен Ұлттар Ұйымына бірлесіп жолдаған және атом, сутегі қаруын өндіруге және қолдануға тыйым салуға, бұл қаруды мемлекеттердің қару-жарағынан толық алып тастауға шақырған үндеуіне қол қою салтанаты болды.

Үндеуге қол қойған кезде ағылшын жағынан Ковентри делегациясының мүшелері, ал совет жағынан —Сталинград қалалық Советі атқару комитетінің мүшелері, қалалық Совет бөлімдерінің бастықлары, баспасөз өкілдері қатысты.

Ковентри қаласының лорд-мэрі Джон Феннел және Сталинград қалалық Советі атқару комитетінің председателі Шапуров сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының бас секретары Хаммаршельд мырзаның атына жазылған жолдама хатқа қол қойды, бұл хатта былай делінген:

«Ковентри (Англия) және Сталинград (ССРО) қалаларының атом және сутегі қаруына тыйым салу туралы Біріккен Ұлттар Ұйымына арнаған үндеуін сізге жолдай отырып, оны мүмкіндігінше тезірек көбейтіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелеріне тапсыруды және Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті органдарының қарауына беруді сізден қатты өтінеміз.

Бұл документті неғұрлым тез өткізуге сіздің көмектесетініңізге сенеміз және сізге күнілгері шын ниетті алғысымызды айтамыз».

## Ковентри (Англия) және Сталинград (ССРО) қалаларының Біріккен Ұлттар Ұйымына бірлесіп жолдаған үндеуі

Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде ортақ жау—герман фашизмінен орасан көп адамдары құрбандыққа ұшырап, материалдық бүліншілікке душар болған Ковентри және Сталинград қалалары халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігіне тағы да қатер төніп отырғанына біз Біріккен Ұлттар Ұйымының назарын аударамыз.

Орасан зор қыйратқыш күші бар атом және сутегі қаруын қолдану қатері ерекше үрей тудыруда. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымына үндеу жазып, оны атом және сутегі қаруына тыйым салуға, бұл қаруды өндіруге тыйым салуға және мемлекеттердің қару-жарағынан толық алып тастауға қажетті шаралар қолдануға шақыруды өзіміздің правомыз және моральдық борышымыз деп санаймыз.

Адамзатты атом соғысының қатерінен құтқару үшін және адамзат кемеңгерлігінің асқан ұлы жаңалығын қыйрату мақсаттарына қолданбай, қайта оны бейбіт мақсаттарға, адамдардың игілігіне пайдаланылатын болуына шаралар қолдану халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қолдап отыруға тиісті Біріккен Ұлттар Ұйымының қасиетті міндеті болып табылады.

Біз атом және сутегі қаруына тыйым салу бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке едәуір көмектескен болар еді және соның ізінше мемлекеттер арасындағы қатынастарда болып отырған шиеленісті бәсеңдетуге жеткізген болар еді деп берік сенеміз.

Ковентри және Сталинград қалаларының азаматтары өздерінің бұл шақыруы Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан қосталады деген үміт білдіреді, ал бейбітшіліктің тағдыры үшін абыржып отырған қарапайым адамдардың үніне құлақ қою бұл ұйымның борышы болып табылады.

Әрқашан да бейбітшілікті жақтап келген және жақтап отырған Сталинград пен Ковентриге келетін болсақ, олар халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық жолындағы бұл күресті бейбітшілік күштері толық жеңіске жеткенге дейін бұдан былай да жүргізе береді.

Еңбекшілер депутаттарының Сталинград қалалық Советі атқару комитетінің председателі Сергей Шапуров, еңбекшілер депутаттарының Сталинград қалалық Советі атқару комитетінің мүшелері Константин Некрасов, Андрей Демьянский, Георгий Манилин, Мария Шомова, Анатолий Жданюк, Ковентри қаласының лорд-мэрі Джон Феннел, Ковентри қаласының қалалық Советінің мүшелері Сидней Стрингер, Артур Джеймс Уоф, Эрикджеймс Уильмс, Элей Джонс, Эдуард Макгарри.

9 ноябрь 1954 жыл,

Сталинград.

Үндеуге қол қойылғаннан кейін Джон Феннел мен С. И. Шапуров өзара сөз сөйледі, ол сөздерінде ағылшын және совет халықтары арасындағы достық онан әрі нығайтылады деген сенім білдірді.

# Бүкіл дүниежүзілік жастар күні

...лының аяғына дейін еңбек өнімділігін жүзеге асырамыз.

### КАГАНОВИЧ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК I-ші ПОДШИПНИК ЗАВОДЫ БОЙЫНША

1951—1955 жылдарға заводқа белгіленген өнімнің мөлшері жөніндегі тапсырманы орындауды —Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына аяқтаймыз. 1955 жылдың жоспарынан тыс 560 мың дана әртүрлі подшипниктер және 200 мың сомның көпшілік тұтынатын товарларын шығарамыз. Еңбек өнімділігін бесжылдықтың ішінде, жоспардағы 45,9 проценттің орнына, кемінде 58,5 процент арттырамыз. Өнімнің өзіндік құнын 1954 жылы қол жеткен дәрежеден 6,4 процент кемітеміз.

1955 жылы мынадай шаралар жүргіземіз: жаңадан екі автомашина және 3 транспорттық линияларды пайдалануға береміз; термикалық және металл жонатын жабдықтарды жетілдіреміз: металды жонып, тегістеу жұмыстарында шапшаң өңдеу әдістерін және басқа әдістерді енгізу.

### КИРОВ АТЫНДАҒЫ «ДИНАМО» ЗАВОДЫ БОЙЫНША

Бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес 1951—1955 жылдарға белгіленген жалпы өнім шығару жөніндегі тапсырманы—Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына орындаймыз. Кран-металлургия жабдықтарын және көпшілік тұтынатын бұйымдар шығару жоспарын мерзімінен бұрын орындаймыз. 1955 жылдың аяғына дейін еңбек өнімділігін 1950 жылмен салыстырғанда 64,4 процент арттырамыз.

1955 жылы метроға арналған жаңа электр жабдықтарын көптеп шығару ісін жолға қоямыз. Бірінші аппарат цехының участоктеріне өндірістің үдемелі әдістерін енгіземіз.

### «МОСКАБЕЛЬ» ЗАВОДЫ БОЙЫНША

Бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес белгіленген жалпы өнім шығару жөніндегі тапсырманы —1955 жылғы сентябрьде орындаймыз. Электр кабельдерін,

### «КРАСНЫЙ ОКТЯБРЬ» КОНДИТЕР ФАБРИКАСЫ БОЙЫНША

Бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес 1951—1955 жылдарға министрлік белгілеген жалпы өнім шығару жөніндегі тапсырманы —Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына орындаймыз және жоспардан тыс 241 миллион сомның өнімін шығарамыз. 1955 жылдың жоспарын белгіленген ассортимент бойынша өнім шығару жөнінде мерзімінен бұрын орындаймыз.

1955 жылдың аяғына дейін еңбек өнімділігін 1950 жылмен салыстырғанда 32 процент арттырамыз.

Еңбек өнімділігін арттыру үшін карамельдің еңбек неғұрлым көп жұмсалатын сорттарын үдемелі өндіріске көшіреміз.

### ЩЕРБАКОВ АТЫНДАҒЫ ЖІБЕК ТОҚУ КОМБИНАТЫ БОЙЫНША

Дайын өнім шығару жөніндегі бесжылдық тапсырманы—1955 жылғы 17 октябрьге орындап, жоспардан тыс 4,6 миллион метр жібек матаਲарын шығарамыз, сонымен қатар өнімнің сапасын жақсартамыз. Жаңа ассортиментті игеруге байланысты бұйымдар жасауға жұмсалатын ауыр еңбектің едәуір артуына қарамастан, 1955 жылдың аяғына дейін еңбек өнімділігін 1950 жылмен салыстырғанда 28 процент арттырамыз.

Еңбек өнімділігін арттыру және өнімді көп шығару мақсатымен мынадай шаралар жүргіземіз: бояу және қайнату процестерін механикаландырамыз, арқау жіптерді құрғатып кептірудің жаңа технологиясын енгіземіз, құйып қатыруды 10—12 процент арттыру жұмысын онан әрі жүргіземіз және басқа шаралар істейміз. Жаңа технологияны енгізу есебінен сәнді мақпал шығаруды екі есе арттырамыз, түкті маталар—мақпал мен барқыт жасаудың жаңа әдістерін меңгереміз.

**Заводтардың коллективтері бұл міндеттемелерді талқылап, бірауыздан қабылдады және Москва қаласы кәсіпорындарының барлық жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне үндеу жазып, оларды еңбек өнімділігін онан әрі арттыру және өнімнің сапасын жақсарту үшін, жалпы өнім шығару және бұйымдарды белгіленген ассортимент бойынша өндіру жөнінде бесжылдық тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырды.**

...сіпорындарында, мекемелері мен жоғары оқу орындарында Бүкіл дүниежүзілік жастар күніне арналған баяндамалар мен әңгімелер өткізілді.

А. М. Горький атындағы Мәдениет сарайында жалпы қалалық кеш өткізілді. Мерекедегідей жыйнақталған залға екі мыңнан астам ленинградтықтар жыйналды. Бүкіл дүниежүзілік жастар күні туралы БЛКЖО облыстық комитетінің секретары Шумилов жолдас баяндама жасады. Демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы... сыпаттай келіп, ол жас түлектердің бейбітшілікті сақтаудың ұлы ісіне қандай зор үлес қосатындығын айтты.

Кеш үлкен концертпен аяқталды.

КИЕВ. Украина астанасының еңбекшілері жастардың Бүкіл дүниежүзілік жастар күнін кеңінен атап өтуде. Кәсіпорындарында, мекемелерде, жоғары оқу орындарында, мәдениет сарайларында, кітапханаларда бұл күнге арналған кештер өткізілуде, лекциялар оқылуда, көрмелер ашылуда.

## Краматорскінің алып станоктері

КРАМАТОРСК, 10 ноябрь. (СОТА). Ауыр станок жасау заводында жаңа универсалды ауыр токарьлық станокты құрастыру аяқталды. Бұл алып станок ұзындығы 16 метрлі, диаметрі 4 метрлі және салмақтығы 170 килограмға дейін тартатын бөлшектерді өңдеуге арналған. Ондай зор бөлшектерді бір мезгілде сегіз кескіш аспаппен өңдеуге болады.

Уникальді станоктың барлық механизмдерін басқару бақылау аспаптары орнатылған орталық пульттен бастап жүзеге асырылады. Қандай да болса жұмыс тәртібі бұрмаланған жағдайда арнаулы аспаптар жарықпен және дыбыспен сигнал береді яғный станокты автоматты түрде тоқтатады.

Бесінші бесжылдықтың басынан бері краматорлық станок жасаушылар уникальдік ауыр токарьлық станоктардың оннан астам түрін жасап шығаруды игерді. Олардың ішінде салмақтығы 600 тоннаға, ал ұзындығы 90 метрге жететін станок бар.

# Халық соттарының сайлауы—аса маңызды саяси науқан

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Указы бойынша республикамызда халық соттарының сайлауы 1954 жылғы 12 декабрьде өтеді. Кәзір бүкіл республикамыздағы сыяқты біздің облысымыздың барлық жерлерінде де халық соттарының сайлауына әзірлік жұмыстары басталды.

Халық соттарының сайлауы —аса маңызды саяси науқан. Ол еңбекшілердің өндірістік және саяси зор белсенділігі жағдайында, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістету ұранымен өткелі отыр.

Коммунистік қоғам орнату мақсаты, халқымыздың күн санап өсіп отырған материалдық және мәдени қажетін барынша қанағаттандыру мақсаты Советтік социалистік мемлекетті онан әрі нығайта беруді талап етеді. Коммунистік партия мемлекеттік аппаратты нығайту, оның жұмысын жақсарту мәселесіне әрқашан назар аударып келеді. Кәзіргі кезде, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту кезеңінде мемлекеттік органдардың маңызды міндеттері: шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбие жұмыстары, советтік заңдылықты нығайту, капитализмнің қалдықтарына қарсы күрес жүргізу, социалистік меншікті нығайту, мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтау міндеттері бірінші кезекке қойылып отыр.

Советтік мемлекеттің маңызды буындарының бірі советтік сот болып табылады. Ол совет адамдарының ССРО Конституциясы бекітіп берген праволарын, еліміздің мемлекеттік және қоғамдық құрылысын қорғайды. Советтік сот еңбекшілерді Отанға сүйіспеншілік рухта, социалистік меншікті көздің қарашығындай сақтау рухында тәрбиелейді. Біздің елімізде советтік сот халық мақсатына қызмет етіп, оның еркін білдіреді.

ССРО Конституциясы біздің соттың демократиялық сыйпатын заң жүзінде бекітіп берді. Советтік соттың жұмысына халық бұқарасы кеңінен қатысады. Бізде социалистік әділ сот халық сайлаған халық заседательдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Халық соттарының сайлауы туралы Ереже бойынша халық соттары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау правосы негізінде, дауысты жасырын беру жолымен үш жылға сайланады. Халық судьясы мен халық заседательдігіне 23 жасқа толған әрбір совет азаматы сайлана алады. Бұл правомен тек сотталған адамдар ғана пайдалана алмайды.

Сот мәжлісінде халық судьясы мен халық заседательдерінің тең праволы болуы советтік сот системасының ең маңызды принциптерінің бірінен саналады. Ал халық заседателі судьяның міндетін атқаратын болса, онда ол сот мәжлісінде председательдік ете алады және соттың бүкіл процесін өзі басқарады.

Сотта өз міндетін атқарған кезде халық заседательдері болған жұмысшылар мен қызметшілердің еңбекақылары толық сақталады. Жұмысшылар мен қызметшілерден басқа сотта халық заседательдігі міндеттерін атқарған адамдардың жұмсаған шығындары төленеді. Мұның бәрі барлық халық заседательдерінің социалистік әділ сотты жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Халық заседательдері — жұмысшылар, қызметшілер, колхозшылар еңбекшілер бұқарасына социалистік заңдылықты насихаттап, соттың жұмысын бұқараның өндірістік және тұрмыстық тәжрибесімен байытады.

Халық судьясының өз жұмысы жөнінде сайлаушылар алдында есепті болуы совет сотының тәрбиелік ролін арттырады. Ол сайлаушыларды соттың жұмысымен таныстырып, бұқараны біздің жұмысымызға бөгет болатынның бәріне қарсы күреске жұмылдырады. Сонымен қатар сайлаушылар соттың жұмысын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасайды.

Біздің елімізде халық судьясы болу—зор құрмет. Ол өзін сайлаған халықтың құрметімен пайдаланады. Сондықтан халық судьясына социалистік заңдылықты жүзеге асыру жөнінде зор талаптар қойылады. М. И. Калинин халық судьясы туралы былай деген болатын:

«Судья тек әрбір нақтылы істі және бұл іс істелген жағдайды саяси жағынан дұрыс анықтауға, бұл іске қатысқан адамдарды жақсы зерттеп білуге және дұрыс бағалауға, әрбір нақтылы істің барлық себептерін, оның таптық тегін және мәнісін анықтауға тиісті ғана емес, сонымен қабат, мұны сондай көңілге қонымды, әрі сондай көрнекті етіп, оның өзі ғана емес, ал халық заседательдері де және барлық сотқа қатысушылар да бұл істі анық түсініп, білетіндей, сөйтіп сот шығарған қарардың дұрыстығын мойындайтындай етіп істеуге тиіс».

Халық судьялары, міне, осы талаптың дәрежесінде болуға тиіс. Міндет —алдағы сайлауда халық судьяларының құрамын қажетті білімі және тәжрибесі бар адамдар есебінен толықтыру, сөйтіп, халық соттарының жұмысын онан әрі жақсарту болып табылады.

Партия, совет ұйымдары халық соттарының сайлауына әзірлікті тыңғылықты ұйымдастырып, мемлекеттік тәртіпті онан әрі нығайтуға жетісуге тиіс. Сайлауға әзірлік және оны өткізу кезінде сот мекемелерінің жұмысындағы кемшіліктерді батыл сынға алып, қағазбастылыққа, төрешілдікке және басқа кемшіліктерге қарсы күрес жүргізу қажет.

Облыста 20 халық судьясы және жұмысшылар мен колхозшылардан, қызметшілерден жүздеген халық заседательдері сайлануға тиіс. Облыс аудандарында және қалада жүздеген сайлау пункттері құрылады. Кәзір жергілікті Советтердің атқомдері сайлау пункттерін жабдықтау, сайлаушылардың тізімін жасау жұмыстарына кірісті.

Сайлау науқанына арналған ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмысты қызу жүргізудің зор маңызы бар. Өйткені халық соттарының алдағы сайлауы, бұрынғы сайлаулар сыяқты емес, қысқа мерзімде өткізілгелі отыр. Демек сайлау күніне санаулы-ақ күндер қалды. Мұның өзі сайлауға байланысты бүкіл жұмысты жедел, тыңғылықты ұйымдастыруды қажет етеді.

Сайлаушылардың тізімдері —сайлау науқанындағы негізгі документ. Ауылдық, селолық, қалалық Советтердің атқомдері сайлаушылардың тізімдерін кезінде жасауға және барлық сайлаушыларды тегіс қамтуға міндетті. Бұл жұмысты таяудағы 4—5 күннен қалдырмай орындап, тізімдерді сайлаудан 20 күн бұрын Совет үйінде не болмаса сайлау пунктінің үйіне іліп, онымен сайлаушылардың танысуын қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар сайлуа пункттері үшін қоғамдық ең жақсы үйлер бөлініп, олар отынмен, жарықпен және сайлау үшін басқа да қажеттің бәрімен қамтамасыз етілуі керек.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық және аудандық Совет атқомдері сайлау бюллетеньдерін қабылдау және дауысты есептеу үшін өкілдерді іріктеп алу, оларды бекіту жұмысын тыңғылықты ұйымдастыруға тиіс. Олардың құрамы сот сайлауларын өткізуде тәжрибелері бар адамдар есебінен толықтырылғаны жөн. Совет атқомдері өкілдермен және әрбір сайлау округі және сайлау пункті бойынша санақ комиссияларымен кенес өткізіп, оларға сайлау жұмысын ұйымдастыру жөнінде нұсқау-кеңес беруге міндетті. Өйткені сайлау науқанын ойдағыдай өткізу аудандық және қалалық Советтерінің өкілдері мен санақ комиссияларының жұмысты жете білулеріне тікелей байланысты.

Жергілікті партия ұйымдары халық соттарының сайлауына байланысты үгіт және насихат жұмыстарын кеңінен өрістетуге тиіс. Сайлау алдындағы саяси үгіттің міндеті сайлаушыларға халық соттарының сайлауы жөніндегі Ережені, советтік сайлау системасының принциптерін терең түсіндіру, сөйтіп бұқараның өндірістік және саяси белсенділіктерін онан әрі арттыру болып табылады.

Сайлау пункттері, оның қамтуындағы кубиктер мен он үйліктер бұқаралық-саяси жұмыстың орталығына айналуға тиіс. Партия ұйымдары үгітшілердің арнаулы семинарларын үнемі өткізіп, оларға сайлаушылар арасында бұқаралық-саяси жұмысты мазмұнды ұйымдастыру жөнінде қажетті көмек көрсетіп отырулары қажет. Үгітшілер мен насихатшылар сайлау пункттерінде, он үйліктерде сайлаушылардың жұмыс істейтін орындарында: мекемелерде, цехтарда, егіс бригадалары мен мал фермаларында советтік соттың демократиялық принциптері мен праволары жөнінде әңгімелер өткізіп, баяндамалар жасауға тиіс. Бұл жұмысқа заң орындарының қызметкерлерін көптеп қатыстыру қажет.

Таяудағы күндері сайлау науқанының ең маңызды бір кезеңі—халық судьялары мен халық заседательдеріне кандидаттар ұсыну басталады. Партия, совет ұйымдары халық судьясы мен халық заседательдеріне кандидаттар ұсынуға арналған жыйналыстарды еңбекшілердің зор белсенділігімен өткізу үшін қажетті шараларды жүзеге асырулары керек.

Сонымен қатар кәзір, сайлауға әзірлік кезінде халық судьяларының сайлаушылар алдында өздерінің жұмыстары жөнінде есеп беруін естен шығармау керек. Мұнда колхозшылар мен жұмысшылардың және басқа еңбекшілердің халық соттарының жұмысы жөнінде айтқан сын ескертпелерін есепке алып, онан қорытынды шығару арқылы сот орындарының жұмыстарын жақсарту жөнінде шаралар белгіленетін болсын.

Сайлау алдында жүргізілген бүкіл ұйымдастыру және саяси жұмыстарды әрбір колхоздың, совхоздың, МТС-тің, кәсіпорнының алдында тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізу керек. Біз сайлаушылардың бүкілхалықтық мереке —сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуын ұйымдастыра білуіміз керек. Өнеркәсіп, транспорт орындарында еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, оның сапасын жақсарту, өндірістік алаңдар мен құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану жолындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстау қажет.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері сайлау күніне мал қыстату маусымын үлгілі ұйымдастыру, келесі жылдың көктемгі егісіне әзірлік жұмыстарын қызу жүргізу жөнінде татымды тартулармен келуге тиіс.

Халық соттарының сайлауына әзірлік жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырайық.

**И. ЛИПИН,**

**Қазақстан КП облыстық комитетінің әкімшілік және сауда-финанс бөлімінің меңгерушісі.**

# Солтүстік Қазақстан облысы бойынша халық соттарының (халық судьяларын және халық заседательдерін) сайлауын өткізетін сайлау округтерін құру туралы

## Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Совет аткомінің қарары

*Петропавл қаласы* *№ 541* *10 ноябрь 1954 ж.*

«Қазақ ССР халық соттарының сайлауы туралы Ереженің» 14-ші және 15-ші статьяларына сәйкес еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет аткомі **қаулы етті:**

Солтүстік Қазақстан облысында халық соттарының (халық судьяларын және халық заседательдерін) сайлауын өткізетін мына сайлау округтері құрылсын.

**1. Булаев ауданындағы Булаев сайлау округі**

Орталығы —Булаев поселкесі. Округке Булаев, Чистов (Қарағанды астық совхозын қоспағанда) Селектинск, Майбалық поселкелік Советтері, Полтавск, Медвеженск, Успенск, Веселовск селолық Советтері мен Бірінші май ауылдық Советі жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**2. Булаев ауданындағы Екатериновск сайлау округі**

Орталығы —Екатериновка селосы. Округке Возвышен, Жданов, Жарыкқөл поселкелік Советтері, Екатериновск, Надеждинск, Писаревск селолық Советтері, Ворошилов ауылдық Советі және Чистов селолық Советіндегі Қарағанды астық совхозы жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 70 адам болып тағайындалсын.

**3. Конюхов ауданындағы Қарақоға сайлау округі**

Орталығы —Қарақоға поселкесі. Округке Конюхов ауданының барлық елді жерлері жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**4. Ленин ауданындағы Явленка сайлау округі**

Орталығы —Явленка селосы. Округке Арал, Бірлік және Қарағаш ауылдық Советтері, Александровск, Ильинка, Петровка, Покровка және Явленка селолық советтері жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**5. Ленин ауданындағы Корнеевка сайлау округі**

Орталығы —Корнеевка селосы. Округке Заградовка, Ивано-Павловск, Ивано Петровск, Малиновка, Ново-Узинск, Леонидовск, Совет, Яснов селолық Советтері, Торанғұл, Бесқұдық поселкелік Советтері және Тұңғыйық ауылдық Советі жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 70 адам болып тағайындалсын.

**6. Мамлют ауданындағы Мамлют сайлау округі**

Орталығы —Мамлют поселкесі. Округке Мамлют ауданының барлық елді жерлері жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам

**11. Преснов ауданындағы Преснов сайлау округі**

Орталығы —Пресновка селосы. Округке Айымжан ауылдық Советі (Қосыболат және Кенже елді жерлерін қоспағанда), Буденный (Буденный совхозының № 4 фермасын қоспағанда), Преснов поселкелік Советтері, Богатинск Екатерининск, Железное, Казанск, Кладбинск, Ново-Рыбинск, Ольговск, Островский, Петровск, Преснов, Рождественск, Святодуховка және Усердин селолық Советтері жатады Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**12. Преснов ауданындағы Баян сайлау округі**

Орталығы —Архангель селосы. Округке Айымжан ауылдық Советіндегі Қосыболат және Кенже елді жерлері, Буденный поселкелік Советіндегі Буденный совхозының № 4 фермасы, Архангель, Благовещенск, Николаев, Спасск, Троцк селолық Советтері, Баян, Жаркын, Майбалық, Орман ауылдық Советтері және Приешім, Украина поселкелік Советтері жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 70 адам болып тағайындалсын.

**13. Приешім ауданындағы Приешім сайлау округі**

Орталығы —Боголюбово селосы. Округке Приешім ауданының барлық елді жерлері жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**14. Совет ауданындағы Совет сайлау округі**

Орталығы —Смирново поселкесі. Округке Совет ауданының барлық елді жерлері жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**15. Соколов ауданындағы Соколов сайлау округі**

Орталығы —Соколовка селосы. Округке Соколов ауданының барлық елді жерлері жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 70 адам болып тағайындалсын.

## Петропавл қаласы бойынша

**16. Ленин сайлау округі**

Орталығы —Ленин көшесі, 53-үйдегі қалалық сауда мекемесінің үйі. Округтің шекаралары: Сталин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Базарбаев көшесінен Осипенко көшесіне дейін, Базарбаев көшесінің бойымен (дақ жағы) Маяковский көшесіне дейін, Маяковский көшесінің бойымен (дақ жағы) Папанин көшесіне дейін, Папанин көшесінің бойымен (дақ

бойымен су қоймасына және Сталин атындағы көшеге шығатын дөңге дейін Сталин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Пушкин көшесіне дейін, Пушкин көшесінің бойымен Ленин атындағы көшеге дейін, Ленин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Базарбаев көшесіне дейін. Округке былғары заводының, «Кожхимик» артелінің территориялары және Есіл өзеніндегі көпірдің арғы жақ бетіндегі құрылыстар жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**18. Вокзал сайлау округі**

Орталығы —НГЧ-нің қызыл мүйісі. Округтің шекаралары: элеватор жанындағы темір жол көпірінен Осипенко көшесіне дейін, Осипенко көшесінің бойымен (дақ жағы) Сталин атындағы көшеге дейін, Сталин атындағы көшенің бойымен (дақ жағы) Воровский көшесінің басына дейін, Воровский көшесінің бойымен (дақ жағы) Вокзал көшесіне дейін, Вокзал көшесінің бойымен (дақ жағы) Андреев көшесіне дейін, Андреев көшесінің бойымен (дақ жағы) ет комбинатын жиектей қаланың шет аймағымен жол проводы және Көкшетау жолындағы № 7 блокпост арқылы ет комбинатының территориясына дейін, жұмысшылар поселкесінің шет аймағы бойымен, аэродромды және құрылыстарды қосқанда Челябі жағындағы темір жол линиясының бойымен элеватор көпіріне дейін. Округке депо көмекші шаруашылығының территориясы, 131 километрлік блокпост, темір жол көпірінің казармасы және 144-145 километрдегі жартылай казармалар жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**19. Сталин сайлау округі**

Орталығы — Дзержинский көшесі, № 217-үйдегі радио торабының үйі. Округтің шекаралары: Воровский атындағы және Сталин атындағы көшенің мүйісінен Воровский көшесінің бойымен (жұп жағы) Вокзал көшесіне дейін, Вокзал көшесінен (жұп жағы) станция базарын қосқанда Андреев атындағы көшеге дейін (дақ жағы), одан әрі Андреев атындағы көшенің бойымен (жұп жағы) ет комбинатына дейін, ет комбинаты орамының бойымен ет комбинаты базасының жерін және № 1 кірпіш заводының поселкесін қосқанда Пионер мүйісіне дейін, Пионер мүйісінің бойымен Дзержинский көшесіне дейін, Дзержинский көшесінен (дақ жағы) Сталин атындағы көшеге дейін, Сталин атындағы көшеден (жұп жағы) Воровский көшесіне дейін. Округке Копай поселкесінің территориясы жатады. Бұл округте сайланатын халық заседа-

# Мал қыстатуды зор ұйымшылдықпен бастайық!

☆

## Жемшөп те, қора да жеткіліксіз

Мал шаруашылығын өркендетудегі аса жауапты және қауырт кезең — малды қолда-қорада күту маусымы басталды. Бұл маусымды Октябрь ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары ойдағыдай әзірлікпен қарсы алып, малды қорада күтуді алғашқы күннен бастап ұйымшылдықпен жүргізуде. Бірақ Ворошилов атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда істің жайы мұның керісінше болып отыр. МТС қамтуында төрт колхоз бар. Олардың барлығы да пішенді аз дайындады. Атап айтқанда, шөп дайындау жөніндегі жоспар «Путь Ильича» колхозында 72,8 процент, «Заря коммунизма» колхозында 65,1 процент, «Щит» колхозында 61,9 процент, ал Киров атындағы колхозда 45,9 процент ғана орындалды.

Сонымен қатар бұларда жемшөп өте аз сүрленді. Осыған қарамастан колхоз басшылары мал азығы қорын сабан-топан есебінен толықтыруды нашар ұйымдастырды. Сабанның көбі жыйналып, мәяланбастан аңыз үстінде жатыр. Тіпті, шөп өте аз дайындалған Киров атындағы колхоздың басшылары сабан жыйнауды ұйымдастырмады. Егін орындарындағы сабанды кім көрінгеннің тасып алуына жол берді. Ол-олма, мұнда шабылған шөптің біраз бөлегі маяға үйілмей, шөмеледе, ат жалда жатып азықтық сапасын жойды.

Бұл колхоздардың қай-қайсысы болсын егін жыйнауды ерте-ақ аяқтады. Солай бола тұрса да, колхоз басшылары егін жыйнаудан босаған күш-көліктерді мал қоралары жанына жемшөп тасуға тиімді пайдаланбады. Ал соңғы 15 күн ішінде колхоздар мал фермаларына шөп, сабан тасуды мүлдем тоқтатып қойды.

Мал қоралары құрылысын салу, бұрынғы қораларды жөндеу жұмыстары да нашар жүргізілді. «Путь Ильича» колхозында жаңадан салынған сыйыр және шошқа қораларының құрылысы әлі аяқталған жоқ. Осы сыяқты қой қорасы әлі күнге дейін жөнделмеді. Мал қоралары «Щит», «Заря коммунизма» колхоздарында да қысқа толық әзірленбеді. Ал, Киров атындағы колхоздың басшылары (председателі Наяндин жолдас) күні бүгінге дейін 1951 жылы салына бастаған жаңа қораның құрылысын аяқтауды қамтамасыз ете алмады. Сондықтан да осы қыста 300 бас сыйырдың қайда қыстайтыны белгісіз. Құс қорасы да қолда бар құсқа жетпейді.

Колхоз басшылары фермалардағы еңбекті көп тілейтін жұмысты механикаландыруды көптен әңгімелеп жүр. Бірақ оны жүзеге асыру ұйымдастырылмады. Тіпті, колхоздың әлде қашан сатып алған сыйыр сауатын электр агрегаты, автомат суарғыштары осы уақытқа дейін орнатылмаған. Екі азық буландырғыш істен шығарылған. Оларды жөндетіп, пайдала-

☆

## Преснов ауданы мал қыстатуды елеулі кемшіліктермен бастады

Өткен жылы Преснов ауданының көптеген колхоздарында мал қыстатуға әзірлік жұмыстары мейлінше қанағаттанғысыз жүргізілген- ді. Соның салдарынан қыс күндері көп мал жүдеп, түрлі індетке ұшырады. Сөйтіп қыстың аяғына дейін едәуір мал шығын болды. Сонымен бірге мал шаруашылығынан алынатын өнім мөлшері де күрт кеміп кетті. Аудан басшылары үстіміздегі жылы өткен жылғы бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығаруға тиіс еді. Бірақ ол болмады. Кәзір көп колхоздарда қысқа әзірліктің барысы нашар. Алдымен олар да дайындалған жемшөп қысқы маусымға жетпейді. Қоралар толық жөнделіп болған жоқ.

Бұған бірсыпыра фактілер келтірейік. Хрущев атындағы колхозда жоспар бойынша 26647 центнер жемшөп дайындалу керек еді, содан 11570 центнер ғана дайындалды. Бұл баланс бойынша 1 февральға дейін ғана жетеді. Колхозда жемшөп базасын толықтыратын резевтер болды. Ол—егістік жердің сабаны мен топаны еді. Быйыл мұнда 2700 гектар жердің сабанынан 1598 гектар жердің сабаны жыйналмай қалды. Бұған колхоз председателі Гущин, бастауыш партия ұйымының секретары Абдрахманов жолдастар қынжылған да жоқ. Неге екені белгісіз, тіпті олар сабан мен топанды жыйнап алуға әлі күнге мән бермей жүр.

Қысқы маусымда малды азықтандыруды дұрыс ұйымдастыру және мал азығының ысырап болуына жол бермеу үшін даладағы шөпті, сабан мен топанды мал базалары қасына толық жеткізу қажет. Ал аудан колхоздарында мал азығын базаларға тасудың барысы өте-мөте баяу. Мысалға «Прибой» колхозын алайық. Шынында бұл колхоз малды колхоздардың бірі. Солай бола тұрса да, бұл колхозда бүкіл жаз бойына мал қораларына тасылған жемшөп 250-ақ центнер. Бұл жемшөп күнжарымға ғана жетеді.

Аталған колхозда жемшөптің мал қоралары жанына аз тасылуына Преснов МТС-нің басшылары да кінәлі деуіміз керек. Өйткені олар осы колхоздың мал қоралары жанына шөп тасуға бөлінген үш трактордың қуатын өнімді пайдалануды ұйымдастырмады. Атап айтқанда, жемшөп тасуда жүрген механизаторлардың іске жауапкершілігін күшейтпеді . Олардың жұмыс уақытын боска өткізуіне жол берді. Осының салдарынан үш трактормен фермаларға небары 190 центнер ғана шөп жеткізілді.

Киров атындағы, «Сталин жолы», «Победа» колхоздарында да мал қыстатуға әзірлік мәз емес. Бұл колхоздарда да дайындалған шөпті мал базалары жанына тасуға бөлген көлік және жүк автомашиналары тиімді пайдаланылмай келеді. Мал қораларын жөндеу осы уақытқа дейін толық аяқталған жоқ. Төбесі жабылмаған, іші тазартылмаған қоралар әлі бар.

Мал қыстатуға әзірлікте болған осы сыяқты жауапсыздықты, төзгісіз фактілерді совхоздардан да кездестіруге болады. Буденный атындағы совхоздың № 4 бөлімшесінде малдың індеті бар. Оның үстіне малды жазғы жайылымда семіртудің дұрыс ұйымдастырылмауы себепті олардың қоңы кәзірдің өзінде төмендеген. Осыған қарамастан быйылғы қысқа құнарлы жемшөп өте аз дайындалған. Дайындалған жемшөп қорында дәнді тамыржеміс азықтардың үлес салмағы болмашы ғана. Бұл совхозда ірі малды айтпағанда, жас төлге де қаудан шөбі берілгелі отыр. Тек осындай ғана азықпен азықтандырылған төлдің қыстан тегіс күйлі, аман шығуы мүмкін емес. Бірақ мұны совхоз басшылары ескермей отыр.

Совхоздың мал дәрігерлері Палауз, Тумысов жолдастар өз қызметтеріне мүлдем жауапсыз қарайды. Олар фермаларда сирек болып, уақытының көбін совхозда, кабинетте өткізеді. Мал індетіне қарсы күресті ұйымдастыруда, мал қыстатуға әзірлікті басқаруда малшыларға тиісті көмекті уақытылы көрсетіп отырмайды.

Жоғарыда айтылғандай ауданның бірқатар колхоздарында мал қыстатуға әзірліктің нашар болып және оларда мал қыстатудың тиісті дәрежеде басталмай отырғаны аудандық партия комитетінің секретарьлары Долженко, Болатбаев аудандық Совет аткомінің председателі Макаров жолдастарға да әбден мәлім. Бірақ бұл жолдастардың өздері колхоздар мен МТС, совхоздарға іскерлікпен басшылық ете алмай келеді. Олардың басшылығы не телефонмен немесе колхоздарға, совхоздарға барғанда «өйту керек, бүйту керек» деген жалпылама нұсқау беруден аспай жүр.

Мал қыстату— мал шаруашылығындағы аса жауапты кезең. Оны ойдағыдай өткізу мал шаруашылығына күнбе-күн және нақтылы басшылық жасауды талап етеді. Преснов ауданындағылар бұл шаруашылыққа өздерінің басшылығын жедел жақсартулары керек. Бұлай етпегенде ауданда мал қыстатудың алғашқы күндерінде- ақ зор қыйыншылықтардың болу хауіпі бар.

**С. ҚАНАФИН,**
**(Өз тілшіміз).**

## Толық әзірлікпен қарсы алды

Мичурин атындағы колхоздың (Конюхов ауданы) мал өсірушілері үстіміздегі

кухняда сабанды шапшаң әдіспен сүрлейтін орын жабдықталған, мұнда сабан

болып тағайындалсын.

**7. Октябрь ауданындағы Марьевка сайлау округі**

Орталығы —Марьевка селосы. Округке Городецк, Коновалов, Крещенск, Марьевка, Нижне-Бурлук, Ольгинск, Степной Торанғұл селолық Советтері және Есіл Ленин, Кеңес ауылдық Советтері жатады Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**8. Октябрь ауданындағы Дмитриев сайлау округі**

Орталығы —Дмитриевка селосы. Округке Дмитриев, Семиполка селолық Советтері, Балуан, Жалтыр ауылдық Советтері және Дос, Ақсуат, Северный, Целинск, Москворецк, Комсомол және Октябрь поселкелік Советтері жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**9. Петропавл ауданындағы Петропавл селолық сайлау округі**

Орталығы —Петропавл қаласы, аудандық атқару комитетінің үйі. Округке Петропавл ауданының барлық елді жерлері, сол сияқты, № 1 Дорурс совхозы және ағаш питомнигі жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**10. Полудень ауданындағы Полудень сайлау округі**

Орталығы —Полудень селосы. Округке Полудень ауданының барлық елді жерлері жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам.

ойпат бойынша Луговой көшесіне дейін, Дедов заемкасын, № 8 диірменді, НОТ-2-нің жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің поселкесін қоса есептегенде Киров көшесінің басына дейін, қаланың шетімен темір жол линиясына қарай темір жол линиясы бойымен элеватор жанындағы өткелге дейінгі барлық құрылыстар: элеваторды, «Союзтранстың» автобазасын, мал дайындау базасын, «Заготсено», Ипподромды, облыстық тұтынушылар одағының универсалды базасын қоса есептегенде, элеватордан Осипенко көшесіне дейін, Осипенко көшесінің бойымен (жұп жағы) Сталин атындағы көшеге дейін. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**17. Октябрь сайлау округі**

Орталығы —Революция көшесі, № 38, педагогика училищесінің үйі. Округтің шекаралары: Базарбаев көшесінің бойымен (жұп жағы) Ленин атындағы көшеден Маяковский көшесіне дейін, Маяковский көшесінің бойымен (жұп жағы) Папанин көшесіне дейін Папанин көшесінің бойымен (жұп жағы) оның диірмен тұрған ойпатқа дейінгі Луговой көшесіне дейін, Луговой көшесінің бойымен одан әрі қаланың шет аймағымен Подлужная көшесіне дейін, Подлужная көшесінің бойымен Есіл өзеніне дейін, Есіл өзенінің

тельдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**20. Комсомол сайлау округі**

Орталығы —Володаров көшесі, 12-үйдегі «Казсовхозтранс» мекемесі. Округтің шекаралары: жылу электр орталығы поселкесінен Пионер мүйісінің шетіне дейін, Пионер мүйісінен Дзержинский көшесінің кесіп өтетін жеріне дейін, одан әрі Дзержинский көшесінің бойымен (жұп жағы) Сталин атындағы көшеге дейін, Сталин атындағы көшеден (жұп жағы) Базарбаев көшесіне дейін, Базарбаев көшесінің бойымен (жұп жағы) Ленин атындағы көшеге дейін, Ленин атындағы көшеден (жұп жағы) Пушкин көшесіне дейін, Пушкин көшесінің бойымен (дақ жағы) Сталин атындағы көшеге дейін, Сталин атындағы көшенің бойымен (жұп жағы) су қоймасына түсетін дөңге дейін, су қоймасына түсетін дөңнен Есіл өзенінің оң жақ жағалауын қоса қаланың солтүстік шет аймағына дейін және сол жерден жылу электр орталығының поселкесіне дейін. Округке жылу электр орталығының поселкесі, № 1 кірпіш заводы, № 2 кірпіш заводының территориясы жатады. Бұл округте сайланатын халық заседательдерінің саны 75 адам болып тағайындалсын.

**Еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқомінің председателі**
**Қ. ОСПАНОВ.**

**Еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқомінің секретары**
**И. ЗАИТОВ.**

---

шығар емес.

Колхоздың қоғамдық малына деген қамқорлық МТС басшыларының тарапынан да өте қанағаттанғысыз деуге болады. МТС мамандары қора салу, фермадағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға мардымды көмек көрсетпей келеді. Шынында олар бұл жұмысты өздері басқаруға тиіс еді, бірақ бұл олардың ойына кіріп те шығар емес. Колхоздарға МТС тарапынан көрсетілуге тиіс көмекке осылай қарауға болама?

МТС аймағындағы партия ұйымдары мал шаруашылығы мәселелерімен аз шұғылданады. Аудандық партия комитетінің осы МТС аймағындағы нұсқаушысы Лукин жолдас колхоздарда жиі болады. Бірақ мал қыстату жөніндегі мәселеге женіл-желпі қарап, үстірт басшылық жасайды.

МТС, колхоз басшылары мен олардағы бастауыш партия ұйымдары және мал мамандары орын алып отырған кемшіліктерді тез жойып, мал қыстатуға жан-жақты әзірлікпен кірісуді қамтамасыз етуге міндетті.

**В. КУЦ.**

---

дардың бәрінен де дені сау, өмірге бейім төл алды. Алынған төлдерді малдәрігерлік ережелерге сай күтті және бірде-бір төлдің шығын болуына жол бермеді. Сөйтіп, колхозда мал басын көбейту жөніндегі жылдық жоспар барлық түліктен де тек төл есебінен орындалды.

Сонымен бірге мал шаруашылығынан алынатын өнімдер едәуір арттырылды. Осының негізінде мемлекетке ет, сүт тапсырудың жылдық жоспары мерзімінен бұрын орындалып, сатып алу орындарына 450 центнер сүт, 50 центнер ет сатылды. Бұдан түскен табысқа колхоз бір жүк автомашина алды. Колхозшылар жыл аяғына дейін мемлекеттік сатып алу орнына тағы да 350 центнер ет, 100 центнер сүт сатуды, бұдан алынатын ақшалай табысқа екі жүк автомашина, тағы басқа құрал-саймандар сатып алуды ұйғарып отыр.

Үстіміздегі жылы жаңадан салынған стандартты өгіз, ат қораларының, 2000 құс сиятын үйдің құрылыстары толық аяқталып, олар пайдалануға берілді. Төл тұратын үйлер де толық жабдықталды. Сыйыр малы, шошқа фермаларында малға азықты алдын ала әзірлейтін екі кухня әзірленді. Сыйыр малы фермасындағы

Дайындалған шөптің 10 мың центнері мал қоралары жанына тасылды. 5250 центнер сабан мен топан маяланып, бұл күндері оны фермаларға тасу қызу жүргізілуде. Бұл жұмысқа 15 пар көлік, көптеген колхозшылар бөлінген. Колхозшылар өзара социалистік жарысты өрістете отырып, күн сайын қоралар жанына 140—150 центнер сабан тасып үйіп жүр. Ферма меңгерушілері тасылған шөп пен сабанды күнбе-күн қабылдап, алып отырады.

Колхозда құнарлы мал азығы да өткен жылғыдан едәуір мол әзірленді. Мұнда сүрленген жемшөптің өзі ғана әрбір сыйырға 35 центнерден келеді. Оның үстіне мал азығындық 2 мың центнер картоп, 1 мың центнерден астам концентрат бар.

Колхоз басшылары мал өсірушілер қатарын алдыңғы қатарлы колхозшылар есебінен толықтыру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Міне, мұның бәрі колхозда мал қыстату маусымының ойдағыдай басталуына жағдай жасап отыр.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**
**(Өз тілшіміз).**

---

# Овощь тұқымдары мол дайындалсын

Үстіміздегі жылдың көктемінде Петропавл ауданындағы колхоздардың көпшілігі овощь дақылдарын —капустаны, сәбізді, қиярды, пиязды, тағы басқаларын егуде шаршылап және шаршы-ұялап отырғызу әдісін кеңінен қолданды. Овощь дақылдарын бұл әдістер бойынша егуде агротехникалық ережелерді дұрыс жүзеге асыруға көп көңіл бөлінді. Осының нәтижесінде овощьтан мол өнім жыйнау қамтамасыз етіліп отыр.

Мәселен, «Луч Ленина», Димитров атындағы колхоздар капустаның әрбір гектарынан 200 центнер, сәбіздің гектарынан 100 центнерге жуық өнім жыйнады. Ал пияздің әрбір гектарынан алынған өнім өткен жылғымен салыстырғанда 1,5 есе артық болды. Мұның өзі колхоздардың қала халқына овощь дақылдарын көптеп сатуына, сөйтіп, артельдің овощь шаруашылығынан алған табысының едәуір артуына, сонымен бірге колхозшылардың еңбеккүніне овощь дақылдарын көп беруге жағдай жасады.

Бірқатар колхоз быйыл овощь дақылдарының ерте пісетін түрлерін жақсы меңгерді. Мәселен Ворошилов атындағы колхоздың И. Шлодгауер жолдас басқаратын овощь өсіруші бригадасының мүшелері сәбіздің, капустаның ерте пісетін түрлерін көп екті. Колхозшылар овощьтың бұл түрлерін егудің, күтіп- баптаудың агротехникалық шараларын мұқият жүзеге асыра отырып, одан мол өнім алынуын қамтамасыз етті. Колхоз қала еңбекшілеріне сәбізді, капустаны август айында-ақ көптеп сатып, одан мол табыс алды. Колхозшылар келесі жылы ерте пісетін овощь дақылдарының егіс көлемін едәуір ұлғайтуды көздеп керекті тұқымды әзірлеп алды.

Аудан колхоздары келесі жылы овощь дақылдары егістерінің көлемін ұлғайта түсетін болады. Осыған байланысты әрбір колхозда бұл дақылдардың тұқымын мейлінше мол әзірлеу қазіргі аса маңызды міндеттердің бірі екені сөзсіз. Бұл міндетті жете түсінген «Луч Ленина», Димитров атындағы колхоздар овощь тұқымдарын әзірлеуді ойдағыдай ұйымдастырды. Қазір буларда 20 мыңнан астам түптік капуста тұқымы, 90 мың сәбіз тұқымы және 32 центнер тұқымдық пияз іріктеліп, ұқыпты сақталуда.

Дегенмен, бірқатар колхоздар келесі жылдың овощь дақылдары егісі үшін тұқым әзірлеу ісіне мән бермей отыр. Мұндай колхоздардың бірі «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы. Бұл колхоздың огородшылары да быйыл овощь дақылдарын бітік өсірді. Бірақ, колхоз басқармасы овощь өнімдерін жыйнауды нашар ұйымдастырды. Осының салдарынан овощь өнімін жыйнау кезінде оның ысырап болуына жол берілді. Тіпті олар келесі жылдың егістері үшін овощь тұқымдарын жеткілікті мөлшерде құюға да мән бермеді. Сондықтан мұнда асқабақ, пияз тұқымдары өте аз дайындалды. Ал, қияр тұқымы мүлдем жыйналмастан қалды. Колхозда жалпы овощь дақылдарының әзірленген тұқымы өткен жылғыдан да аз.

Овощь тұқымдарын әзірлеудің жайы Пушкин атындағы колхозда да осындай. Бұл колхоздың басшылары ерте жыйналған овощь дақылдарын тұқымға сақтамады. Ал, кейінгі кезде помидордың, қиярдың біразы кеш жыйналды да суыққа ұрынып, тұқымдық сапасын жойды. Сөйтіп, колхоз бұл дақылдардың тұқымын мүлдем әзірлемеді. Сол сияқты, колхозда тұқымға арнаған 2000 түптік капуста қырманда жатып үсіп кетті.

Петропавл ауданындағы колхоздың көпшілігі қалаға іргелес колхоздар. Сондықтан да олар жыл сайын овощь дақылдары егістерінің көлемін ұлғайта беруге тиіс. Бұл үшін овощь дақылдарының тұқымы жеткілікті мөлшерде әзірленуі басты шарт. Олай болса, аталған колхоздың басшылары овощь дақылдарының тұқымын әзірлеуге ерекше көңіл бөлуге міндетті.

**И. ЖУКОВСКАЯ.**

---

# ҚАРТ КОЛХОЗШЫ

Бетіміз колхоздың шабындық жерлері. Қасымыздағы Маленков атындағы колхоздың басқарма мүшесі, әрі тексеру комиссиясының мүшесі Василий Иванович Ламонов жолдас колхоздың шаруашылығын мақтанышпен әңгімелеп келеді.

...Василий Ивановичтің аталары осы өңірлерге алғаш қоныстанушылардың бірі болған. Оның бабасы Захар бақытты тұрмыс, жайлы қоныс іздеп Москва түбінен көшіп келіп, елсіз далада алғашқы рет үй салады. Көп ұзамай-ақ Захардың төңірегіне өзі сияқты ішкі Россиядан келген орыс шаруалары орналаса бастайды. Сөйтіп, қазіргі Маленков атындағы колхоздың орталығы Дубровное селосының негізі салынады. Оған быйыл 200 жылдан асты.

Василий Иванович ауыр еңбекпен өткен жас өмірінің біраз жылдарын патша армиясының қатарында герман соғысында өткізді. Ол туған селосына тек Ұлы Октябрь революциясының қарсаңында келді. Армия қатарында жүріп, ондағы алдыңғы қатарлы жолдастарымен әңгімелесе отырып, ол кедей шаруалардың ауыр тұрмыста болуының негізгі себептерін аңғарды. Үстем таптың өкілдеріне деген ыза ашуы оны оларға қарсы күреске бастады. Сөйтіп ол Октябрь революциясының даңқты жеңісінің нәтижесінде орнаған жас Совет өкметінің басына хауіп төнген кезде Қызыл Армия қатарында болып Колчакқа қарсы күреске қатысты, кулактар бүліншілігін талқандауға көмектесті.

Көсемдеріміз Ленин мен Сталиннің данышпан басшылығы және халқымыздың ерікті, бақытты өмір құруға деген ынтасының нәтижесінде елімізде халықтар үкметі біржола орнады. Барлық жерде жаңа өмірді құру басталды. Бұл кезде де Василий Иванович жерлестерінің алдыңғы қатарында болды. Ол селода құрылған бірлесіп жер өңдеу коммунасына бірінші болып кірді, ал 1930 жылы колхоз ұйымдастырылған кезде оның алғашқы мүшелерінің бірі болды.

—Міне содан бері небары 24 жыл өтті, —дейді Ламонов әңгімесін жалғастырып, —ал селода болған өзгерістерді оның Ұлы Октябрь революциясына дейінгі 163 жыл өміріндегі өзгерістермен салыстыруға да болмайды. 30 жылдардың орта шенінде облысымызға Сергей Миронович Киров келген кезде ол біздің колхозда да болған еді. Сергей Миронович колхоз шаруашылығымен танысқаннан кейін колхоздың болашағы бұдан да зор екендігін айтқан болатын. Шынында да колхоздың болашағы бұдан да зор, тамаша жемісті болды.

Қазір колхозда 20 мың гектардан астам шабындық және егіндік жер бар. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана 5 мың гектардан астам егін егіліп, одан мол өнім алынды. Быйыл 2 мың гектар тың жер көтердік. Мал шаруашылығы да өркендеп өсті. Колхоз даласында ондаған тракторлар мен комбайндар жұмыс істейді. Еңақыры пішен маялау да механикаландырылған. Міне, колхозымыздың бүгінгі жағдайы осы, ал ертеңгі күніміз бұдан да табысты болмақ, —деп әңгімесін аяқтады қарт.

Колхоз даласын аралап жүріп, көргеніміз ұқыптап үйілген сансыз пішен маялары мен астығын жыйнап алған егіндіктер, оның сөзін растап, ұшы-қыйыры көрінбей созылып жатқан қара мақпал жыртылған жер, колхоздың болашағын аңғартқандай болды.

...Колхоз кеші. Табысты еңбектен кейін колхозшылар көңілді дем алуға кірісken. Селоның тұс-тұсынан музыка үні, шырқап салған әндер естіледі. Село үйлерінің көпшілігі айнала отырғызылған ағаштардан бірден көзге түсе қоймайды. Колхозды селоның кешкі көркем көрінісі мұнда тұратындардың ауқатты да мәдениетті де екендігін көрсетеді. Міне Василий Ивановичтің үйі. Шағын ғана екі бөлмелі үйдің іші ұқыптап жыйналған. Бөлмелер ішіндегі бай жыйһаздар да, ақжарқын үй иесі де колхозды селоның ауқатты семьясының бірі екендігін аңғартады. Үй алдындағы бақта жеміс ағаштарының оннан астам түрі отырғызылған. Олардың ішінде қазірдің өзінде жеміс бере бастаған алма, алмұрт, шие ағаштары бар.

—Бұларды мен тек тәжрибе үшін ғана отырғызған едім, қазір колхозымызда жеміс ағаштарын да отырғызуға болатындығына менің көзім жетті, ал шаруашылықтың бұл саласы колхозға мол пайда берген болар еді, —дейді қарт.

Қарт колхозшы Ламоновтың қажырлы еңбегінің табысы да мол. Оның өз меншігінде ірілі-ұсақты ондаған бас малы, көптеген құстары бар. Өзінің және ұлы мен келінінің тапқан еңбеккүндеріне аванс ретінде астықты да көп алды. Василий Иванович мемлекетке жақында ғана бір тоннадан астам астық сатты. Одан түскен қаржыға ол бір велосипед, көптеген қымбатты киімдер сатып алды. Енді радиоқабылдағыш алмақ.

Ол дұрыс айтады. Колхозда еңбек сүйгіш, колхоз шаруашылығы үшін жан сала еңбек ететін адамдар болмаса, бұл байлық та болмас еді.

**А. МАНУЙЛОВ,**
**Мамлют ауданы, Дубровное селосы.**

*ФЕЛЬЕТОН*

## *Олақ бригадир*

—Олақ бригадир қандай?
—Сақау, саңырау жандай
Өз бетімен жайылады,
Көптің тілін алмай.

Сақал-мұрты қырылмайды,
Кір киімі де жуылмайды.
«Газет, кітап оқы» десең,
Мойны әсте бұрылмайды.

Олақтың аты арық келеді,
Жауыр қылып, жайдақ мінеді.
Насыбай атып, папирос іздеп,
Әр үйдің алдында жүреді.

Қорасы қымталмай жатады,
Шөбін далаға шашады.
Колхозшының маңдай терін,
Ондай олақ аяққа басады.

Сынаған адамға ашуы келеді.
Кекеп-мұқап «жазасын» береді.
Күні өткен ескі әдеттер,
Олақтың бойынан құмырсқадай өреді.

Түске дейін төсектен тұрмайды,
Әйелін жұмысқа шығармайды.
Балалары бетімен кетеді,
Олақтың туысы да тіл алмайды.

Сүйгендерін мақтап жұмсайды,
Сүймегенін боқтап жұмсайды.
Жұмсамайтын жалқауға келсе,
Етке аңсап, арaққа сусайды.

«Арақ» десе, тамағы жыбырлайды,
«Жартылық» деп әркімге сыбырлайды.
Есі кете жұтады да,
Бір жерге құлап, бір жерге сұлайды.

Колхозшылар —еңбектің адамы,
Үлгілі, шебер бригадир табады.
Жақында болатын жиналыста,
Мұндай олақты тобықтан қағады.

**Ғ. МАЛДЫБАЕВ.**

## „Айла иекте, күш білекте"

Егер «Борьба за коммунизм» колхозына бара қалсаңыз жұртқа мақал болып тараған «Айла иекте, күш білекте» деген сөзді естисіз. Сұрастырсаңыз бұл сөздің авторын да айтады. Ол № 4 дала бригадасының бригадирі Мұқатай Есмағанбетов дейді олар. Алғашқы бетте оның күші мен айласы колхоз шаруашылығының қамы үшін жұмсалса, несі күлкі деп те ойларсыз. Бірақ мәселе басқаша болып отыр.

Есмағанбетовтың білегіндегі күші қызмет бабын пайдаланып, жазықсыз колхозшыларды ұрып соғуға, ал айласы өзі істеген жаман істен құтылып шығуына пайдаланылып жүр. Оған бір-екі мысал келтірейік. Есмағанбетов сентябрь айында арақ ішіп, мас болған күйінде колхозшы әйел Сыздықова Орынтайды ұрады. Бұл оқиғадан көп кешікпей-ақ колхозшы Хамит Құрманғалиевпен төбелеседі. Бұл үшін Совет аудандық халық соты оны жауапқа тартып, ақшадай айып салған болатын және мұндай тәртіпсіздікті қайталаған күнде оның будан да қатаң жазаға тартылатындығы ескертілген-ді.



Петропавл қаласындағы Ленин көшесінің бойында жұмысшылар мен қызметшілер үшін бесқабатты тұрғын үй салынады. Құрылыс конторы кәзір бұл үйдің іргесін қалайтын жерді зерттеп болды.

СУРЕТТЕ: автоэкскаватормен үйдің фундаменті қаланатын жерді қазу жұмысының жүргізіліп жатқан кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Тарихи ескерткіштер толық сақталсын

Петропавл қаласы республикамыздың тарихында елеулі орын алады. Мұнда облысымыздың ертедегі өмірі туралы бағалы мәліметтер беретін тарихи ескерткіштер көптеп сақталған. Бұларды толық сақтау, сөйтіп оны жұртшылығымыздың қаланың бұрынғы өмірімен танысуы үшін пайдалану абройлы да, құрметті де іс. Алайда қалада мұндай маңызды мәселеге жете мән берілмей келеді. Соның салдарынан бұл ескерткіштер бүлініп, ұмыт қалу жағдайында болып отыр.

Қаланың Есіл жағасындағы бөлегінде бұрынғы Петропавл қорғанының қалдықтары кездеседі. Бұл қорғанда бұрын көбінесе патша өкметінің қуғынына ұшыраған, сол кездегі алдыңғы қатарлы адамдар ұсталатын. Мәселен, анықталған документтер бойынша мұнда декабрист офицерлер Кожевников, Цебриков, Лаппо, тағы басқалары солдат болып қызмет істеген. Олар Театр көшесіндегі екі қабатты үйде тұрған. Сол сияқты, сыра сусын заводының қорасындағы тас үйде орыстың белгілі жазушысы Ершовтың балалық шақтары өткен. Бірақ бұл үйлерден оларды еске түсіретін ешқандай белгі табуға болмайды.

Қалада В. В. Куйбышевтің 1906-1907 жылдардағы революциялық жұмыс жүргізген көптеген орындар бар. Куйбышев қала сыртындағы «Пестрое» көлінің жағасында қала жұмысшыларының бірінші маевкасын ұйымдастырды, паровоз депосында, қалалық паркте және басқа жерлерде ол жұмысшылар митингтерін ұйымдастырып, жасырын жиналыстар өткізді. Алайда паровоз депосынан басқа жердің бірде-бірінде бұл тарихи оқиғалар туралы ескерткіш тақталар орнатылмаған. Әлі күнге Куйбышевтің кәзіргі Буденный көшесіндегі жасырын пәтері анықталмаған, ал Папанин көшесіндегі

Совет өкметінің алғашқы жылдарындағы Петропавл өмірін еске түсіретін орындар да ескерусіз қалып келеді. Кәзіргі облыстық оқу бөлімінің үйінде жұмысшылар мен солдаттар депутаттарының Советі, № 2 орта мектеп үйінде қалалық партия комитеті, ал кәзіргі қалалық Советтің үйінде қызыл гвардияшылардың штабы орналасқан болатын. Сол сияқты, 1934 жылдың сентябрь айында Орталық партия Комитетінің тапсыруы бойынша қалаға С. М. Киров келді. Ол облысымыздың ауыл шаруашылығын өркендетуге көп көмек көрсетті. Киров сол жылдың 24 сентябрінде облыстық драма театрында болған жиналыста сөз сөйледі. Мұндай тарихи орындардың ұмыт қалмауы үшін бұл орындарда ескерткіш тақталар орнатылуға тиіс еді.

Октябрь алаңындағы туысқандар зиратында қаланы Колчак армиясынан азат етуде және 1921 жылғы кулактар бүлігшілігінде қаза тапқан жұмысшылар мен партия, совет қызметкерлері жерленген. Мұндай туысқандар зираты Омск және Қарағанды темір жолдарының түйіскен жерінде де бар.

Қаламыздағы тарихи ескерткіштерді дұрыс сақтауды ұйымдастыру облыстық мәдениет басқармасының міндеті. Солай бола тұрса да, мәдениет басқармасы бұл мәселеге жете көңіл бөліп, оны сақтау және қалпына келтіру үшін ешқандай шара қолданбай отыр. Сол сияқты, бұл мәселе қалалық Совет атқомін де ойландырмайтын көрінеді.

Кәзір қаламызды көркейту жолында көп жұмыс істеліп жатыр. Қаладағы жаңа құрылыстарды үлгілі жүргізе отырып, оның тарихи ескерткіштерін де ұмытуға болмайды. Мұны облыстық мәдениет басқармасы, қалалық партия, совет ұйымдары ескеруге тиіс.

**Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.**

## Болгар халқының еңбектегі жеңісі

СОФИЯ, 9 ноябрь. (СОТА). Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын мейрамдау күндері Росица өзеніндегі Александр Стамболийский атындағы Болгариядағы ең ірі су қоймасының ашылуы болгар халқының еңбектегі ірі жеңісі болып табылады. Су қоймасының құрылысы совет мамандарының көмегі арқасында қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылды, ал электр станциясының агрегаты чехословак инженерлері мен жұмысшыларының қатысуымен құрастырылды. Біржарым миллион текшеметр жер жұмысы орындалды. Болгарияның географиялық картасында ұзындығы 18 километрлік және ауданы 11 шаршы километрлік жаңа көл пайда болды. Павликен Тырнов және Горно-Ореховиц құнарлы далаларына Росицаның суы жайылатын болады. Су қоймасының жанынан салынған «Росица—1» су электр станциясы елге миллиондаған киловатт-сағат электр қуатын береді. Стамболийский атындағы су қоймасы ұзындығы 380 мың декар даланы суарады.

Кеше Ескі-Загорский округінің еңбекшілері Тунджа өзеніндегі Георгий Димитров атындағы будан да ірі су қоймасы жүйесін толығынан пайдалануға қосты. Бұл жүйе, оны толық пайдаланған уақытта, 400 мың декар жерді суаруға мүмкіндік береді.

### ГЕРМАН МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ СОВЕТ ОДАҒЫМЕН КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ҮШІН

ПАРИЖ, 10 ноябрь. (СОТА). «Юманите» газетінің сыртқы-саясат шолушысы Пьер Куртад батыс державаларының Батыс Германияны қаруландыру СССР мен келіссөздер жүргізуге мүмкіндік береді деп мәлімдеген позициясын айыптайды. Автор былай деп жазады: «Бұл жаңа әдіс емес. Бұл әдісті Черчилль үнемі пайдаланып келсе, жуық арада ғана Эйзенхауэр мен Аденауэр пайдаланды. Ол халықаралық шиеленістің бәсеңдеу беттілерін антисоветтік коалиция күшінің саясатының нәтижесі деп, бұл саясаттың жүргізілуін ақтау үшін қолданылады... Кәзіргі уақыттағы шиеленістің бәсеңдеуі саясат күші жеңісінің белгілері болып табылмайды. Олар барлық елдерде де, оның ішінде АҚШ-та да СССР-нің бейбіт ұсынысын еске алу туралы үкметке ықпал жасап отырған көпшілік пікірінің жеңісі болып табылады».

Куртад Батыс Германияны қаруландырудың орнына, ешалдымен герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешу туралы келіссөздер жүргізу қажет деп атап көрсеткен.

### ШОТЛАНД-СОВЕТ ДОСТЫҒЫНЫҢ АЙЛЫҒЫ

ЛОНДОН, 10 ноябрь. (СОТА). Глазгоның 4 мыңнан аса тұрғындары кеше Сент-Эндрюс Холл залына шотланд-совет достығы айлығының салтанатты ашылуына жиналды.

«Шотландия- СССР» қоғамының құрметті председателі Кинлок Совет Одағы мен Великобритания халықтары арасын-

## Хо Ши Миннің Франс Пресс агенттігі тілшісінің сұрақтарына берген жауаптары

ПАРИЖ, 9 ноябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Ханойдан былай деп хабарлайды:

Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин Франс Пресс агенттігі тілшісінің Ханойдағы сұрақтарына жазба түрде жауаптар берді.

СҰРАҚ: Президент мырза сіздің пікіріңізше Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Франция арасында сенім мен достыққа негізделген қатынастар орнатудың және 8 жылғы соғыстан кейін бұл екі елдің арасында қолайлы жағдай тудырудың ең жақсы құралдары қандай?

ЖАУАП: Ең жақсы құралдар, менің пікірімше, —өзара түсінісушілік, толық адалдық және өзара сенушілік.

СҰРАҚ: Екі елдің арасындағы экономикалық қатынастар, сіздің пікіріңізше қандай болуға тиіс?

ЖАУАП: Бұл қатынастар теңдік және өзара мүдделер принципіне негізделуге тиіс.

СҰРАҚ: Егер сізге француз мемлекеттік немесе жеке меншікті несиелері ұсынылған кезде, сіз бұларды қабылдауға келісер ме едіңіз және қандай шарттармен келісер едіңіз?

ЖАУАП: Бұл мәселе мүдделі жақтар арасында талқылануға тиіс.

СҰРАҚ: Сіз Сентенидің Ханойға Францияның өкілі ретінде қайтып келуі Франция мен Вьетнам Демократиялық Республикасы арасында сенімге негізделген қатынастарды қалпына келтіруге едәуір дәрежеде көмектесе алады деп санайсыз ба?

ЖАУАП: Біз Сентениді көптен білеміз. Мен былай деп ойлаймын: егер біздің күш-жігерімізге бірқатар елеулі кедергілер бөгет болмаған күнде, біздің екі еліміз арасында сенімге негізделген қатынастар орнатуға ол көмектесе алады.

СҰРАҚ: Сіз, өз тарапыңыздан, сіздің үкметіңіз өкілінің Парижда болуы қажет деп санайсыз ба?

ЖАУАП: Бізде былай дейтін мақал бар: «Қандай право болса да, әлбетте, екі жаққа да бірдей болуға тиіс».

СҰРАҚ: Сіз Оңтүстік Вьетнамдағы жағдайдың дамуы бүкіл Вьетнамның тағдырын сайлаудың шешуі үшін екі жыл күтуге мүмкіндік бермейді деп санайсыз ба?

ЖАУАП: Вьетнам халқы мен Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі Женева келісімдеріне өте сәйкес келетін еліміздің бірлігіне жету үшін тынбастан еңбек ете береді.

СҰРАҚ: Сіз Вьетнамның кәзіргі бөлшектелуі Германия мен Кореяның бөлшектелуі сияқты, соншалық ұзақ болуы ықтимал деп қорықпайсыз ба, өйткені бұл елдерді бөлшектеу де әуел баста уақытша шара деп көзделген еді ғой?

ЖАУАП: Вьетнамдағы жағдайдың Корея немесе Германияда болып отырған жағдайдан айырмасы бар.

СҰРАҚ: Сіздің таяудағы болашақтың қай кезінде болса да Вьетнамнан тыс жерлерге баратын ойыңыз бар ма?

ЖАУАП: Кәзіргі уақытта менің әлі ешқандай жоспарым жоқ.

СҰРАҚ: Сіз Халық армиясы Ханойға келіп кірген қарсаңда бұл қаладан кетіп қалған французлардың едәуір бөлегінің Ханойға қайтып келгені жөн деп санайсыз ба?

ЖАУАП: Егер олар қайтып келетін болса, олар жақсы қарсы алынады.

СҰРАҚ: Француз мамандарының немесе кәсіп иелерінің қатысуы сізге неғұрлым маңызды көрінетін жұмыстың салалары қандай?

ЖАУАП: Экономикалық жұмыстың салалары.

СҰРАҚ: Вьетнамды қалпына келтіруге және өркендетуге көмектесу үшін Қытайдың, Совет Одағының немесе европалық халықтық демократия елдерінің мамандарына сіздің тілек қоятын ойыңыз бар ма?

ЖАУАП: Біз бұл мәселені зерттеп жатырмыз.

СҰРАҚ: Сіздің Вьетнам экономикасын өркендетуді жоспарлайтын ойыңыз бар ма? Сіз Вьетнамды қайта қосқанға дейін жалпы жоспар жасау мүмкін емес деп санайсыз ба?

ЖАУАП: Мен былай деп ойлаймын: біздің заманымызда экономика белгілі түрде жоспарлы болуға тиіс. Жалпы жоспар міндетті түрде бүкіл елмен бірге жасалуға тиіс.

СҰРАҚ: Женева кеңесі кезінде Фан Ван-Донг Вьетнам демократиялық Республикасы үшін Француз одағының шеңберінде қалудың мүмкін екендігі туралы айтқан еді. Сіз бұл мүмкіндікке саяси тұрғыдан қалай қарайсыз?

ЖАУАП: Вьетнамның Француз одағына қатысу мүмкіндігінің шарттары, егер мұны екі жақ қажет деп тапқан күнде, екі елдің үкметтері арасында талқыланатын болады.

СҰРАҚ: Мұның өзі француз конституциясын сөзсіз қайта қарауды көздегендік бола ма және сіз Вьетнамда да, Францияда да соншалық айырмашылығы бар екі тәртіптің арасында тығыз дәнекерлер орнату үшін халықтардың санасы бүгінгі күннің өзінде әзір отыр деп санайсыз ба?

ЖАУАП: Француз конституциясы француз халқының ішкі ісі болып табылады және оның бір өзіне ғана қатысы бар. Мен былай деп ойлаймын: француз халқының санасы сияқты, вьетнам халқының санасы да бұл мәселені қарауға әзірленген, өйткені әртүрлі тәртіптер бейбітшілікпен қатар өмір сүре алады.

## Атом қуатын нашар өркендеген елдердің қажеттеріне пайдалану проблемасы туралы „Нью-Йорк пост" газетінің пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 10 ноябрь. (СОТА). «Нью-Йорк пост» газетінің шолушысы — Лэш

берген кезде, ол бұл органның қуат өндіру мен байланысының мүмкіндігі туралы

Бірақ Есмағанбетов бұдан өзіне тиісті қорытынды шығармады. «Бұдан да үлкендерін көргенмін» дейді ол бұдан бұрын екі рет тәртіпсіздігі үшін сотқа тартылғандығын есіне түсіріп. Оның тәртіпсіздік істері қазір үдей түспесе жойылған жоқ. Ол жақында ғана дүкен сатушысы С. Хамзинмен төбелесіп, колхозшы Е. Бұзаубаевты жаралауға дейін барды. Соның салдарынан Бұзаубаев бір апта бойына колхоз жұмысына шыға алмады.

Есмағанбетовтың мұндай өрескел істерін колхоз басшылары көрмей жүрген жоқ. Қайта колхоз председателі К. Аубаев жолдас оны өз қолдауына алған. Колхоз партия ұйымы да Есмағанбетовты тәртіпке шақырмай отыр.

Есмағанбетовтың тәртіпсіздігі қашанға дейін созылмақ?

С. МҰҚАНОВ,

Совет ауданы.

## КӨП ЖЫЛҒЫ ЕҢБЕГІ ҮШІН

Қалалық пионерлер үйінің кең залы әсем безендірілген. Жыйналғандар да ерекше көңілді. Олар ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша көп жылғы педаготтік қызметі үшін наградталған Петропавл станциясы темір-жол мектептерінің бір топ оқытушыларына ордендер мен медальдар тапсыруға арналған мәжліске жыйналғандар болатын.

Наградтарды еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқомі председателінің орынбасары Н. Дроздецкая жолдас тапсырды. Наградталғандардың ішінде Пелагея Ивановна Атаева, Антонина Васильевна Соловьева жолдастарға Ленин ордендері тапсырылды.

Дроздецкая жолдас ССРО Жоғарғы Советі Президиумының атынан наградталғандарды құттықтап, олардың келешекте де табысты еңбек ете берулеріне тілектестік білдірді.

## Колхоз шахматшылары

Аралағаш жетіжылдық мектебінде (Совет ауданы) екі жылдан бері шахмат-дойбы үйірмесі жұмыс істейді. Үйірменің жұмысын оқытушы А. Бекхожин жолдас басқарады.

Жақында колхозшылардың тілегі бойынша мұнда шахматшылардың жолдастық кездесуі болып өтті. Оған колхозшылар, оқытушылар мен оқушылар — барлығы 16 адам қатысты. Кездесуде өзінің біркелкі тәуір ойнайтындығымен оқытушы О. Ғабдуллин көзге түсті. Таяудағы күндерде колхоз шахматшыларының жарысы тағы да өткізілмек.

Д. ҚАБЫКЕЕВ.

# Жаңа магазинде

Совет адамдарының күн санап өсіп отырған мәдени- тұрмыс дәрежесін барынша қанағаттандыру үшін туысқан Коммунистік партия мен үкметіміз үнемі әкелік қамқорлық жасап келеді. Соның нәтижесінде, мәдени тұрмыстары гүлденіп, өсіп келе жатқан совет халықтары еліміздің өнеркәсіп, азық- түлік товарларын шығаратын орындарынан мейлінше көп және сапалы өнім шығаруды, ол өнімдерді советтік кооперативтік сауда орындарына мерзімінде түсіріп тұруды талап етіп отырады.

Еңбекшілер тілегін мүлтіксіз орындау жолындағы күресте біздің облысымыздың өнеркәсіп орындары мен сауда қызметкерлері айтарлықтай жаңа табыстарға ие болуда. Тек үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде ғана облысымызда ондаған өнеркәсіп, азық- түлік магазиндері, дүкендер мен қоймалар жаңадан салынды.

Солардың бірі— қалалық сауда бөлімінің шаруашылық есептегі № 59 магазинінің № 5 азық- түлік товарларын сататын бөлімі. Ол Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі күндерінде ашылып, жұмысқа қосылды.

Бұл жаңа магазин үйі колхоз базарының күн шығысындағы үлкен алаңның бірсыпыра жерін ала орналасқан. Сырт көрінісінің өзі көркем, әсем өрнектеліп әктелген бұл үйдің маңынан өткендерге, «шіркін ішіне кіріп көрер ме едім!» деген ой туады. Ішке біреулер кіріп, біреулер шығып жатыр. Қаланың барлық адамдары бүгін осы магазинге жыйналғандай сапырылысқан көпшілік. Әрқайсысы өзіне керекті нәрсені алады. Сатушылардың ептi қыймылдары жұртты сүйсіндірерліктей. Міне, магазиннен қаладағы А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының жұмысшысы Евдокия Владимировна шығып келеді. Қолына ұстаған селдірі торға консерві, кондитер, макорон тағы басқа тағамдарды толтырып алған. Ол ерекше көңілді көрінеді. Шағын двигательдер заводының токарі Алексей Яковлевичті көрісімен қазіргі қуанышты әсерін айта бастады.

—Алексей Яковлевич, бұрын магазиндерге барып, қайту үшін едәуір уақыт кетуші еді. Енді тіпті рақат болған жоқ па? Қазір не қажеттің бәрін, үй жанындағы магазиннен алып тұрамыз... Өзіңіз үйге жүріңіз, құрдасыңыз да үйде шығар, жаңа магазиннен алынған тағамнан бірге отырып дәм татыңыз! —дейді қуанышты көңілмен....

Осы жаңа магазин үйінің құрылысын қаладағы А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының құрылысшылары жүргізген-ді. Олар жаңа магазиннің қала еңбекшілерінің тілектеріне сай жұмыс істеуі үшін барлық жағдайды қарастырған. Магазин үйі әсем, кең, жарық және едендерін асфальттап, түрлі түсті сырлармен бояпты. Магазиннің ет сататын бөлімі үшін жеке бір бөлмеге екі камерлі ет тоңазытқыштар, «ИФ-50» моторы орнатылған.

Мұнда азық- түлік қоймасына арналған бірнеше бөлмелерді есептемегеннің өзінде, балық, ет- консерв, шарап-сусын, нан- булка және кондитер, жеміс, жарма, чай, қант сатылатын бөлімдер ашылып, олар жақсы жабдықталған. Есіктен кіріп келген сатып алушы бөлім полкаларында қатар -қатар тізіліп қойылған азық-түлік товарларының барлық ассортиментін бірден-ақ байқай алады.

Магазин ашылған күні, 3 сағат уақыттың ішінде мұнда 25 мың сомның азық- түлік товарлары сатылды. Ал Ұлы Октябрь мерекесі күндеріндегі сауда бұрынғысынан әлде қайда қыза түсті. Соңғы 3 күннің ішінде магазин коллективі 150 мың сомнан астам азық-түлік товарларын қала еңбекшілеріне сатты.

Товар айналымындағы күнделікті тапсырмаларын асыра орындап, тұтынушыларды мәдениетті қамтый білетін және олардың құрметіне бөленген сатушылар мұнда аз емес. Олардың қатарына нан- булка бөлімінің сатушысы П. Патаниняны, бакалея бөлімінің сатушысы Д. Науменко, балық тағамдары бөлімінің сатушысы З. Струнина және бөлім меңгерушісі Пронин жолдастарды қосуға болады.

Магазин сауда жасай бастағаннан бергі бір аптаның өзінде өтініштер мен шағымдар жазылатын кітапшаға қала тұтынушылардың бірнеше алғыс сөздері жазылған. Соның бірінде «құрметті дирекция, сіздің магазиннің сатушыларының тұтынушылар тілегіне сай жұмыс істеп, еңбекшілерді мәдениетті қамту жолындағы күресті нығайта түскеніне көп рахмет айтамыз. Магазин коллективі бұдан былайғы күндерде де советтік сауданың мәдениетін гүлдендіре береді деп сенеміз Бірнеше завод жұмысшылары атынан: В. Мартынов (Мотор көшесі, 89-үйде тұрушы)» делінген.

Бұл жаңа магазин үстіміздегі жылдың аяғына дейін Петропавл еңбекшілеріне 1 миллион 200 мың сомның азық- түлік товарларын, кондитер, қант, консерв, шұжық, май, макаронның бірнеше түрлерін сатуды жоспарлап отыр. Сонымен бірге қала еңбекшілері жаңадан ашылған бұл магазиннен азық- түлік товарларының барлық түрін Байкалдың омулінен, Тынық мұхиттың камбаласы мен шортанынан, Каспий мен Қара теңіздің сазаны мен трескасынан жасалған түрлі консервалар және тұздалған балықтарын сатып алады. Азық- түлік товарларының бұл түрлері магазинге күн сайын көптеп түсуде.

Ж. МҰҚАНОВ.

Жуық арада Совет Одағына барған сапарында өзінің есте қалғандары туралы айта келіп, Клинок былай деді: «әлі күнге дейін ешбір елде, жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту үшін, дәл мұндай күш салынған жоқ еді».

Айлыққа қатысу үшін келген совет артистерінің ойындары зор табыспен өтті.

## СУКАРНОНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ДЖАКАРТА, 10 ноябрь. (СОТА). Газеттердің бүгін хабарлауына қарағанда, Индонезияның президенті Сукарно Палембангтегі көп адам қатысқан митингте сөз сөйлеп, Сукарно үкметін құлатуға тырысушы реакциялық партияның бас көтеруіне байланысты, Индонезия халқын қырағылыққа шақырған. Сукарно бұл партиялардың кейбір басшылары «сыртқы державалардың қызметінде жүр» деп мәлімдеген.

Сукарно одан әрі былай деген: оңшыл партияның басшылары үкмет дағдарысын тудыруға тырысуда. Хауіпті атап көрсете келіп, Сукарно: «біз халықтардың бірлігін үнемі нығайтып отыруға тиіспіз» деп атап көрсеткен.

Бұдан кейін Сукарно ұлттық бірліктуының астында өтуге тиісті, таяу уақытта болатын елдегі алғашқы сайлаудың маңызын атап көрсетті.

Елдің экономикалық жағдайына тоқтала келіп, Сукарно былай деген: сыртқы державалар қазіргі уақытқа дейін «позициялар шығатын көздің барлығын да бақылауға алып отыр». Сондықтан да «колониализмнің бүтіндей жойылуы үшін күресті» бұдан әрі де өрістету қажет, шетелдіктердің бақылауын жою үшін ұлттандыруды кеңінен жүргізіп отыру керек.

## АВСТРАЛИЯ ДОКЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

ЛОНДОН, 9 ноябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарлауы бойынша Австралия докерлерінің ең ірі ереуілі әлі де жүріп жатқан көрінеді.

Ереуіл алғашқыда Австралия үкметінің кәсіп иелеріне порт жұмысшыларын жалдап алумен олардың санын белгілеуге право беру туралы әзірлеп жатқан заңына қарсы наразылық ретінде 24 сағатқа жарияланған болатын. Ал жұмысшыларды жалдау олардың санын белгілеу правосы 12 жыл бойына кәсіподағына берілетін еді. Екінші күннің өзінде-ақ ереуіл жалпы ұлттық дәрежеге көтерілді. Ереуіл Австралияның барлық порттарын шарпыды, 150 кемеде жұмыс тоқтап қалды. 26 мыңға жуық докерлер ереуіл көтеруде.

Үкмет өкілдерінің заң жобасын белгіленген мерзімде, яғни 11 ноябрьде өткізу туралы мәлімдемесіне, премьер-министр Мензистің ереуілшілдерді қорқытуына қарамастан, докерлер өздерінің правосы үшін табандылықпен күрес жүргізуде.

Кеше австралиялық кәсіпшілер одағы Советі өзінің докерлердің ереуілін қолдайтындығын мәлімдеді.

мақсатқа пайдалану туралы Эйзенхауэрдің ұсынысы жоққа тән болып отырғанына байланысты бүгінгі күні нашар өркен деген елдер өкілдерінің арасында кейбір түңілген сезім байқалады. Бұл елдер ұсынылып отырған атом қоры олардың индустрияландыру мақсаттары үшін атом қуатынан электр қуатын алудың негізгі проблемасын шешуіне көмектеседі деп ойлап келген едік. Эйзенхауэр бұдан бір жыл бұрынғы сөзінде былай деген болатын: «Арнаулы мақсат (ұсынылып отырған органның жер шарының қуатқа мұқтаж болып отырған аудандарына) электр қуатын молынан беруде болып отыр».

Бірақ, АҚШ өкілі Лодж өткен аптада осындай орган құрудың нақты американ жоспарын БҰҰ Саяси комитетіне баяндап

Атом қуатынан электр қуатын молынан өндіруге лезде-ақ жетуге болмай ма деп Лоджның Вышинскийге берген жауабына тоқтай келіп, Лэш былай деп жазған: «Мұның өзіне кейіннен дипломаттар талдау жасағанындай,Лоджның жауабы екі себептен дұрыс емес. Егер нақты жағдай еске алынбай үміт жасалған болса, бұған кейбір дәрежеде президенттің сөзі кінәлі болды. Бірақ, мұнан да гөрі маңыздысы сол, атом қуатын практикада пайдалануға жеткілікті болады деп Лоджның шамамен атаған мерзімі бұл салада белсене жұмыс істеп жатқан басқа елдің қандайының болса да жобаларынан анағұрлым күңгірт және торықтыратын мерзім болды».

## Индонезияның толық тәуелсіздігі үшін

ДЖАКАРТА, 10 ноябрь. (СОТА). Бүгін индонезия халқы Индонезияның ең үлкен порты —Сурабайды ағылшын және голланд әскерлерінен ерлікпен қорғаудың тоғыз жылдығын атап өтуде. Бұл қорғаныс кезінде жүздеген жас патриоттар отанның тәуелсіздігі үшін өмірін қыйған болатын. Индонезиялықтар бұл күнді «батырлар күні» деп атады.

Бұл оқыйғаның маңызын атап көрсете келіп, газеттер отаршылдарға қарсы күресте көрсетілген халықтың бірлігін қасиеттеп сақтауға шақыруда. «Берита Индонезия», «Хариам ракьят», «Мердэка» газеттері және басқалары толық тәуелсіздік жолындағы, отаршылдықты жою жолындағы күресте бірлікті нығайту қажеттігіне назар аударған.

«Батырлар күніне» байланысты Джакартаның орталық алаңында салтанат өткізіліп, бұл салтанат кезінде президент Сукарно, премьер-министр Састроамиджойо және жастар ұйымдарының өкілдері Индонезияның толық тәуелсіздігі жолындағы, халықтар арасындағы бейбітшілікпен достық жолындағы күрестің маңызды екеніне назар аударды.

## „Вашингтон пост“ американ самолетінің ССРО-ның мемлекеттік шекарасын бұзуы туралы

БРЮССЕЛЬ, 9 ноябрь. (СОТА). Брюссель радиосының хабарлауына қарағанда, американдық «Вашингтон пост» газеті американдық бомбардировщиктің тудырған жанжалына түсінік беріп, мұндай жанжалдар құрғақ соғыста АҚШ-тың төлейтін құны, деп жазады. Совет Одағы жолдаған наразылық, деп атап көрсетеді бұдан әрі газет, толығынан дәлелді болып табылады. Дегенмен, американдық самолеттердің Совет шекарасының үстінен ұшып, совет территориясын үнемі суретке түсіріп алғандықтарын ескерту қажет. «Мигтердің» шабуылы туралы өз пікірімізді айта келіп, біз өзімізге мынандай сұрақ қоюға тиіспіз: егер совет самолеттері Калифорния жағалауынан 20 тіпті 100 миль жерде байқалатын болса біз не істер едік?

## Фатемидің өлтірілуі

ЛОНДОН, 10 ноябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Тегераннан бүгін Иранның бұрынғы сыртқы істер министрі Хосейн Фатеми атылды деп хабарлайды.

Бас соғыс прокуроры Азмуде былай деген: Фатеми түрегеп тұрғанда атылды. (ол қатты науқас еді, сот мәжлісіне де носылкамен әкелінген.—**Ред.**) және өлімді тайсалмай тұрып қарсы алды.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.


## Киноларда

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«КОМЕДИАНТТАР»**

Сеанстар сағат 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ДАУЫЛ»**

Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.



**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02703 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.